Жайылды бар әлемге Ислам діні.

Ілімменен екі дүние шам-шырағы,
Ілімменен Хақты да танымағы.

Ілімменен қауышпақ жетіп Хаққа,
Құлшылық етіп жарылқану мутлақа³.

Хаққа жету жолы да ілімменен,
Бар істің де бастауы білім терең.

¹барша

²сөйлеуде, сөзде

³толық, шүбәсіз

Ілімменен қиямет те білінген,
Қайыр-ихсан етіп Хаққа жүгінген.

Ілімменен дін ашылып жайылған,
Ілімменен қатені хақтан айырған.

Ілімменен һәм жаран хикметпен,
Алпыс алты қан тамырдан үкім еткен.

Он сегіз мың әлемнің барша халқын,
Ілім ішінде тиді «биһиммәтәлқин».

Оған ұқсас патша жоқ бұл ғаламда,
Сондықтан да болар Жалғыз әманда.

Өзіне дос етіпті Ол Ахметті,
Екі дүние мейірімін Рақым етті.

Діні оның қасиетті іліммен,
Ілімменен бар киесі білінген.

Хақ қылыпты бұл ілімді құрметті,
Иесіне ілімнің қыл құрметті.

Ғалымдарға қызмет ет дін үшін,
Мұстафаға үммет болсаң сен түсін.

Қалән-нәби 'әләйһис-сәлам: «'Әззимул 'уләмә-и фәннәкум
Тәхтәжунә иләйһи фид-дунийә уәл-ахирәти», – садақа Расулуллаһи¹.

Себебі ғалым халықтың ілімін ашар,
Қиындықтардан өтетін жол жасар.

Ілім айтар ораза, намаз парыздан,
Һәм зекет, иман, қажылықтай қарыздан.

Құлаққа құяр уәжіп пен сүннеттерді,
Бес уақыт намаз рәкәғаттарын жеткерді.

Халал менен харамдарды айырған,
Машық етіп дін жолын да қайырған.

¹пайғамбар (Оған сәлем болсын): Ғалымдарды құрметтеу оларды дүние және ақыретте зиярат еткенмен бірдей», - деген. Алланың елшісі дұрыс айтады.

Бұлардың қаулысымен екі халал,
Бірігіп бір жерде тұрды биһилал¹.

Мұхаммедтің шарифатын біледі,
Барша елге үкімін айтып жүреді.

Мұстафаның шарифатын ұстанып,
Қаулы етіп шығарады тысқа нық.

Кел, отырғын, көңілің ішінде қыл қияс²,
Үшбұ ғалымнан игі ізде қанық нас³.

Жер жүзінде Мұхаммед ғана бек әмин⁴,
Деді олар соны мирас етермін.

Ғалым айтар Тәңірінің барлығын,
Мұстафаның шарифатымен жарлығын.

Ақыретте сауға алар жанына,
Жан-тәнімен қызмет еткен ғалымға.

Қызмет етсе аяғың да, тәніңде,
Хайырыңды ол алып барар бәрін де.

Қалән-нәби 'әләйһис-сәлам: «Мән мәшә фи тәләбил,
'илми хутууәтән бәнәллаһу Тә'алә бәйтән фил-жәннәти⁵».

Әрбір адам қадамына бір ғимарат,
Салынар жұмақ ішінде көрсен ғажап.

Әрқашан соларға еріп, еткін игтиқад⁶,
Сөйлеген сөздерін һәм және жад.

Қалән-нәби 'әләйһис-сәлам: «Мән рәфә'ә саутәһу фәукә
сәутәл-'әлим 'әқәбәһуллаһу Тә'алә фид-дунийә уәл-ахирәти⁷».

¹жана туған айсыз

²салыстыр

³адамдар

⁴сенімді

⁵пайғамбар (Оған сәлем болсын): «Кімде-кім ілім талап етіп жүгіретін болса, Алла тағала оған жәннаттан үй тұрғызып береді», - деген.

⁶сену, илану

⁷пайғамбар (Оған сәлем болсын): «Кімде-кім ғалымға қарсы қатты (айқайлап) сөйлейтін болса, Алла тағала оны бұ дүние мен ақыретте жазалайды».

Мүмін болсаң ғалымды еш қорлама,
Кемшілік іздеп сөзінен бәле торлама.

Қорласа егер ілім иесін кімде-кім,
Күмәнданба, мұнапық¹ болып жүргенің.

Хақ сөзінде ғалымды кем ұстасақ,
Бір сәтте болар ол жұбы талақ.

Жүз сөз егер сөйлесе болар күпір,
Егер иман келтірмесе жүзіңді бұр.

Ойланғанға інжу сөз қажет оған,
Мұстафа шарифатын айттым саған.

Мұстафа шарифатына болғын қанық,
Егер керек болса дін Сырат анық.

¹ екі жүзді

ӘУЕЛГІ БАП

Алла Тағаланың мағрифаты баяны туралы

Әуелгі баптың баяны мағрифат¹,
Ілімі таухидтің һәм сегіз сифат².

Таратып таухидтен берсем хабар,
Мейірімді делінер бұл мұхтасар³.

Жаһанды жаратыпты Ол бимадар⁴,
Ол –Қайым⁵, Дәйим⁶ еді, һәм муғтәбәр⁷.

Оның заты алты жақтан хали жасар,
Кіршіксіз денесі де гауһар бәсәр⁸.

Анық емес, тұрағы жоқ жан сезер,
Дәр мәкан-у, дәр заман-у, дәр гөзәр⁹.

Туылмаған, тумаған Ол ақылман,
Серігі жоқ теңдесер дәр бәхр-у бәр¹⁰.

Өзі – Ахад¹¹, Өзі – Самад¹², Ол – Қадим¹³,
«Қул һуаллаһ¹⁴» таза бәсәр¹⁵ біл жаным.

Батын¹⁶ менен заһирда¹⁷ Ол дүр Қадим¹⁸,

¹бірінші бапта Алланы тану туралы айтылады

²таухид ілімі мен сегіз сипаты туралы

³қысқаша

⁴тіреусіз, тірексіз

⁵Алланың сипаты, мәңгі тұрушы деген мағынада.

⁶Алланың сипаты, қашан да, мәңгі бақи деген мағынада.

⁷қасиетті, киелі

⁸жаңа зат

⁹мекенде, уақытта және өткелде

¹⁰барлық болмыста, жаратылыста

¹¹Алла тағаланың тоқсан тоғыз есімінің бірі, жалғыз, біреу деген мағынада

¹²Алла тағаланың тоқсан тоғыз есімінің бірі, Алла ешкімге мұқтаж емес, қайта барша жаратылыс Оған мұқтаж деген мағынада

¹³Алла тағаланың тоқсан тоғыз есімінің бірі, бұрыннан бар, бар болуының бастауы жоқ деген мағынада

¹⁴Құран аяты: «Алла жалғыз деп айт».

¹⁵жаңа зат

¹⁶ішкі әлем

¹⁷сыртқы әлем

¹⁸Алла тағаланың тоқсан тоғыз есімінің бірі, бұрыннан бар, бар болуының бастауы жоқ деген мағынада

Бола алмайды еш құпия – Ол Хәбир¹.

Құпиялар санаңызда алысқан,
Сыры айқын, Ол үшін де таныс мән.

Көк те, жер де басын иер бүкілі,
Пенделерге тәж сәр² болар үкімі.

Бар ғылымның сырын біліп, ұғады,
Өзі жасап, жазып әрі бұзады.

Қүдірет жоқ тең келетін, шырағым,
Әлемде Ол хәйр-у шәрр³ қылады.

Дүниенің басы, соңы, Ол – Бақи⁴,
Хазир⁵, Назир⁶ тек бір Өзі, илләһи.

Өзі Ғалым, Өзі Хәким⁷, һәм Қадим⁸,
Өзі Хәбир⁹, Өзі Самиг¹⁰, һәм Басир¹¹.

Ғалым – ғаллам¹², Кәримсің¹³ Сен данасың
Қаһир¹⁴, Қадир¹⁵ жиған бойға бар асыл.

Еш нәрсе де сұрамаймын өзгеден,
Сенен алам қажетімді көздеген.

Бұл құлыңа Сен ғанасың сын тағар,
Өзің ғана қабыл қыларсың мәкәр¹⁶.

¹Алла тағаланың сипаты, барлығынан хабардар, біліп тұрушы деген мағынада

²бас, яғни басқа тәж деген мағынада

³жақсылық пен жамандық

⁴мәңгі бақи

⁵дайын

⁶бақылаушы

⁷Алла Тағаланың тоқсан тоғыз есімінің бірі, әділ төреші деген мағынада.

⁸Алла Тағаланың тоқсан тоғыз есімінің бірі, бұрыннан бар, бар болуының бастауы жоқ деген мағынада.

⁹Алла Тағаланың сипаты, барлығынан хабардар, біліп тұрушы деген мағынада

¹⁰Алла Тағаланың негізгі сипаттарының бірі, бәрін есітуші деген мағынада.

¹¹Алла Тағаланың негізгі сипаттарының бірі, бәрін көруші деген мағынада.

¹²білмейтіні жоқ, бәріне қанық.

¹³Алла Тағаланың тоқсан тоғыз есімінің бірі, жомарт, мейірімді деген мағынада.

¹⁴күшті, қуатты

¹⁵Алла Тағаланың тоқсан тоғыз есімінің бірі, бәріне күші жетеді, құдіретті деген мағынада.

¹⁶бірақ, алайда

ЕКІНШІ БАП

Алла Тағаланың сегіз сипаты баяны туралы

Екінші бапта айтылар сегіз сифәт¹.
Пенделерге білу оны бір фәризат²

Сегіз сипат расында Хақтың заты,
Жіберілген білсін деп адам заты.

Хақты таны сипаттардан бірлән тамам³,
Таухидің анық болсын бәйнул-әнәм⁴.

Қүдірет⁵, тәкуин⁶, кәлам⁷, ғылым⁸, хәйат⁹,
Һәм самиф¹⁰, һәм басир¹¹, һәм ирадат¹².

¹екінші бап ол сегіз сипат

²парыздар

³барлық, барынша

⁴халық арасында, жұрт ішінде

⁵Алла Тағаланың сегіз сипатының бірі, құдіретті, бәріне күші жетеді деген мағынада.

⁶Алла Тағаланың негізгі сипатының бірі, жоқ-барды жарату тек Оған ғана тән деген мағынада.

⁷Алла Тағаланың негізгі сипаттарының бірі, өзіне тән сөйлеу иесі деген мағынада.

⁸Алла Тағаланың негізгі сипаттарының бірі, бәрін білуші, бәрінен хабардар деген мағынада.

⁹Алла Тағаланың негізгі сипаттарының бірі, Алланың бар екендігі, өзіне тән өмір иесі деген мағынада.

¹⁰Алла Тағаланың негізгі сипаттарының бірі, өзіне тән қасиетпен бәрін есітуші деген мағынада.

¹¹Алла Тағаланың негізгі сипаттарының бірі, өзіне тән қасиетпен бәрін көруші деген мағынада.

¹²Алла Тағаланың негізгі сипаттарының бірі, қалағанының бәрі болады, қалағанынша істейді деген мағынада.

ҮШІНШІ БАП

Иман баяны туралы

Үшінші бап түсірілген бізге иман,
«Раббәнә әтмәмләнә мә'әл-иман»¹.

Егерде сұрасаңыз не деп иман –
Тілмен ықрар² және де тасдиқ жәнән³.

Һәм Тәңірге шынайы болсын сенім,
Мойында періште, расул бар екенін.

Қасиетті һәм көктен түскен кітап,
Келіпті мурсалдарға⁴ болып хитаб⁵.

Күніне қияметтің тағы сенгін,
Хайир-шәр⁶ Хақтан ғана мұны білгін.

Һәфт мүмін «мүмін биһи⁷» жандар
Сөз түйінін осылайша еткенді жар.

Бұл сөзге сенбегендер мүмін дегіл⁸,
Зындық⁹ де сен оларды, уайым жегіл.

Ұққайсың бұл рауаятты деп насихат,
Іс істе ертеңді ойлап, сөйлемей қат.

¹ «Жаратушым, бізді иманмен аяқтат»

² мойындау

³ жанмен, яғни жүрекпен бекіту

⁴ Алланың елшілері

⁵ дауыс, әмір, жарлық

⁶ жақсылық-жамандық

⁷ «Оған иланушы, сенуші, иман келтіруші»

⁸ емес

⁹ дінсіз, көпір

ТӨРТІНШІ БАП

Ислам баяны туралы

Төртінші бап насихаттар Исламды,
Күнәдан арылтады қысылғанды.

Ислам не екенін келсе білгің,
Бастауын мен айтайын құлақ түргін.

Әміріне Алланың мойынсұну,
Мәнһиінен¹ Оның барша һәм тыйылу.

Осы міне, саңа² Ислам дегеніміз,
Білмек боп құштарланған керегіңіз.

¹тыйым салған

²саған

БЕСІНШІ БАП

Ихсан баяны туралы

Бесінші бап баяндар ихсан жайын,
Ихсан жан кемдік көрмес ол әрдайым.

Ихсанның білгің келсе не екенін,
Айтайын, сен де айта жүр жөн екенін.

Хақ үшін жасалатын ғибадат ол,
Көруге Хақты бастар бір ғажап жол.

Көрмесең Хақты онда болғын хазыр¹,
Көріп тұрар әрдайым Хақ бір заһир².

Осылай деп ұғуың ихсан болар,
Шарифаты Исламның, міне солар.

¹дайын, әзір болу

²сырт, сыртқы әлем

АЛТЫНШЫ БАП

Исламның тірегі бес дүр баяны туралы

Алтыншы бап бәйнәл-Ислам¹ ей, сафа²,
Хадисінде анық еткен Мұстафа³.

Исламның ішінде ол бес бина⁴,
Мен айтайын, тыңдап алғын ес жи да.

Ең әуелі жалғыз деп біл Тәңірді,
Өзге Тәңір болмайды еш өмірде.

Одан кейін намаз бенен зекетің,
Ораза мен қажылық бар ететін.

Кейбіреулер оны алтау деп жатады,
Атын оның ғұсыл жәнабат⁵ атады.

Мұны саған парыз айн⁶ деп байлады,
Ахмет мұхтар⁷ Сәруардай⁸ хайдарым⁹.

¹Ислам туралы, ислам баянында

²таза, мөлдір

³Мұстафаның, яғни Мұхаммед пайғамбардың хадисінен

⁴ғимарат

⁵жүніб болу

⁶әрбір адамның өзі жасауы міндетті саналатын парыз

⁷ерікті, азат

⁸жолбасшы

⁹арыстан

ЖЕТІНШІ БАП

Исламдағы уәжиба¹ баяны туралы

Жетінші бап уәжибтің баяны,
Болды уәжіп Исламнан баяғы.

Шариғаттың уәжібін үйренгін,
Жауабы да дайын болмақ білгеннің.

Шариғатта жеті уәжіп бұл бізге,
Орындауға тиіс барлық құл үзе².

Үтір, құрбан, пітір айт һәм сийам³,
Ата-анаңа ихсан еткін уәс-сәлам⁴.

Берік болу әуреті мен арына,
Хабар айту барлық зул-архамына⁵.

Үшбу⁶ жеті уәжіптің намдары⁷,
Оқып, білген жанның жарық шамдары.

¹ уәжіптер, міндеттілер, тиістілер

² үстіне, құлға міндетті

³ ораза

⁴ амандықта

⁵ ағайын, туыстар

⁶ осы

⁷ белгілі

СЕГІЗІНШІ БАП

Парыз айн¹ және парыз кифая² баяны туралы

Ей, бауырым, сегізінші бапты оқырсың,
Парыздардың түрлерін біліп тоқырсың.

Бұйырған бізге Тәңірінің парызы,
Екі түрлі болады, ұққын жан ізгі.

Парыз айн аталар бірі мұның,
Парыз кифая деп атар енді бірін.

Әр жанға парыз айн міндет болар,
Жасамаса бар күнә мойнында қалар.

Ертең оны барғанда Хақ сұрайды,
Пенделері азап тартып нақ жылайды.

Айтайын баян парыз кифаядан,
Не болар оны ұстаған, ұстамаған?

Егер кім ұстар болса кифая парызын,
Өтейді ол және дағы біреу парызын.

Жамағаттан кімде-кім шығып бірер,
Орындаса егер баршаның парызын өтер.

Парыз уақыт, парыз дәйім деген не?
Дұрыс болар мұны дәйім білген де.

Парыз уақыт ораза, намаз, қаж, зекет,
Парыз дәйім сенде иман зул-хаят³.

¹әрбір мұсылманның орындалуы міндетті болған парыз

²бір мұсылман тарапынан өтелуімен екінші мұсылманның мойнынан түсетін парыз

³өмір иесі, тірі екен, тірі тұрғанда

Парыздардан мағлұмат алдық азырақ,
Енді ұғып, Төрт ілімді ажырат.

Төрт ілімді білу және парыз бізге,
Ақыл¹, балиғ², жаран³, қатын⁴ үзр⁵.

Сол төртеу – ілім таухид⁶, ілім намаз,
Ілім ораза, ілім хайз⁷, ей, ділнауаз⁸.

¹ақыл иесі, ақылы толық

²балиғат жасына жеткен

³ер адамдар

⁴әйел

⁵үстіне

⁶Алланың барлығы мен бірлігін танытанын ілім

⁷шариғаттағы әйелдердің етеккіріне қатысты оқытылатын ілім

⁸мейірімді жүрек

ТОҒЫЗЫНШЫ БАП

Шариғаттың үкімдері туралы баян

Тоғызыншы бап, ол шариғат он бірі,
Мәлім болсын шархыменен¹ әрбірі.

Шариғат нешеу, салып көргін ақылға,
Айырар Хақтан ілімнен батылды².

Шариғаттың айтайын нешеу екенін,
Келіп тыңда, шатастырма бөтенін.

Әуелі парыз, екіншісі – уәжіп болады,
Үшінші – сүннет, төртінші – мустахаб ол анық.

Бесінші – әдеп, алтыншы болар бұл халал,
Жетінші мубах деп көрсетер қилма-қал³.

Сегізінші – мәкрух, тоғызыншы – харам,
Оныншы – мәнһи, он бірінші – бидғат тамам⁴.

Әрбірінің ілімін білгін жақын,
Сақтар болсаң дін Ислам хақын.

Парыз баяны

Парыз не, не үшін бізге болды бұйрық?
Біліп ал, құлағыңа толық құйып.

Айтайын әрбірінің атын неше,
Мәлім болсын баршасы ол ендеше.

Хақ бұйырған парызды маған, саған,
Һәм қосымша болыпты хадис оған.

Һәм тағы ижмағ⁵ үммет иттифақ¹,

¹ түсіндірме, комментарий

² адасушылық

³ деректе, қаулыда

⁴ бәрі, соңы

⁵ бір мәселеде ғалымдардың бірдей көзқараста болуы

Парыз деп қылды оны битәфат².

Уәжіп баяны

Келдік енді осы уәжіп ісіне,
Уәжіпті бізге берді несіне?

Уәжіп жайын аяттар бар айтатын,
Мұстафадан хадис жетті, байқағын.

Мұстафаның хадисімен таныс бол,
Көрсетеді адаспайтын саған жол.

Бұған уәжіп деді әрбір имам,
Міндет болды бұл амал бәйнул-әнәм³.

Сүннет баяны

Келдік енді осы сүннет хәліне,
«Сүннет» не ол, бойлап алғын мәніне.

Еш аятқа сүннет жайы енбепті,
Ол жайында Тәңірі бұйрық бермепті.

Хадистер бар жататұғын жалғасып,
Орындасаң жазылар сауап алмасып.

Сүннеттерді орындаған Расул,
Әрқашанда тастамапты сахиб усул⁴.

Бұл сүннетті муәккәд деп айтады,
Ұстамаса кибр⁵, тарса⁶ деп бас шайқады.

Кейбіреуге сүннет зуайад ат болар,
Сүннетті ол қоймағандар шат болар.

Егер оны тәркі етсе жоқ азап,

¹ бірігіп, бір ауыздан

² пікір қайшылығынсыз

³ халық арасында, ел ішінде

⁴ негіздер, шарттар иесі, яғни Мұхаммед пайғамбар

⁵ менмендік

⁶ христиан дінін ұстаушы

Орындасаң ерекшелігі бихисаб¹.

Сол себепті ұмытпады Хақ Расул,
Тастамады һәм қылды ол сахиб усул².

Мустахаб баяны

Енді міне, мустахабқа таяндық,
Не істемегін айтайық біз баян қып.

Мустахабты жасаған-тын Расул,
Және тәркі етті ол сахиб усул.

Барша ғалымдар мұны жақсы көрді,
Сол үшін де мустахаб деп ат берді.

Әдеп баяны

Келдік енді бұл әдептің ісіне,
Тыңдап алғын құлақ қойып түсіне.

Бұл әдеп хош көрінер Ислам үшін,
Һәм тағы ризалығы Ғуллам³ үшін.

Әр кісі қылса ғибадат биәдеп,
Ол амалда жоқ сауап, ей, дінталап⁴.

Жолына шайтан ұрар әр сәт оның,
Ол амал есігін ашар құзыреттің.

Ей, ғибадат қылушы, сақта әдепті,
Өтеп жүр парыз, уәжіп, мустахабты.

Халал баяны

Не екенін білгің келсе халалдың,
Түкпіріне мен құяйын санаңның.

Бұл халал аятпенен болды баян,
Көп хадистер сөйленіп келді аян.

¹ есепсіз

² негіздер, шарттар иесі, яғни Мұхаммед пайғамбар

³ білмейтіні жоқ, бәріне қанық, бұл жерде Жаратушыны айтып отыр

⁴ дін қалаушы, талап етуші

Мубах баяны

Бойымызға Хақ дарытар мол шуақ,
Сол себеппен жіберіпті Ол мубах.

Оны істеп, істемеуде жоқ күнә,
Пенделерге ерік берген Иләһ¹.

Харам баяны

Мағынасын біліп алғын харамның,
Болғаны жөн одан қашық жаранның.

Бұйырмаған оны бізге байқағын,
Сақ боп сіз де ол халал деп айтпағын.

Харамды егер халал десе кімде-кім,
Анығында кәпірлікке кіргенің.

Жазасы бар тартқызатын ол үшін,
Күмәнданба, мұны ұғып сен түсін.

Мәкруһ баяны

Келмепті аят, хадис оған мәкәр²,
Жоқ екен сондықтан да анық хабар.

Кейбіреулер дейді харам, мәкруһ бір,
Оның халал, харамдығына күдік бар.

Жатқыза алмай харамға да, халалға,
Тартысады әлі күнге жарандар.

Іс жасасаң сен егерде орынсыз
Бастың онда мәкруһтің торын сіз.

Мұндай істен тыйылғаның жақсырақ,
Азаптардан осылайша қаш, шырақ.

¹ Тәңірі

² бірақ

Мәнһи баяны

Білгің келсе мәнһидің не екенін,
Баян етем күнәсі қайда жетелерін.

Кейбіреулер мәнһи, харам бір дейді,
Күнәсі де қатарласып тұр дейді.

Мұны тұтып, өз-өзінді қыстама,
Айрыларсың шапағатынан Мұстафа.

Сол үшін де зияннан қаш, қамдан да,
Әһлі тағат¹, әһлі Ислам² жандарға.

Бидғат баяны

Бидғат жайын баян етіп байқайын,
Үкімінің не боларын айтайын.

Бидғатты үмбеттерге сый қылмапты,
Ешқашан имамдар оны бұйырмапты.

Шариғатта оған рұқсат етпейді,
Хадис, аятта күнәсі оның көп дейді.

Тәуба етіп, мұндай істен қаш шырақ,
Хайыр болар сонда өзіңе жақсырақ.

Ондай іске бара көрме, себебі
Имамдар да мұны еш жөн демеді.

Бидғат деді мұны біреу жасаса,
Яғни бұл іс болады екен нәсаза³.

Шариғаттың он бірін еттім баян,
Бұл он бірі он үкімде болған аян.

Бұларды тоқып алғын көңіліңе,
Хақ үкімі жол сілтер өміріңе.

¹ құлшылық жасаушылар

² Исламды ұстаушы

³ орынсыз, жараспайды

Исламның шарифаты бұл бөлімде,
Дін жолы баяндалар ілгеніңе.

Исламда шарифат қанша болар,
Иман шашар білгенге таңша олар.

Он екі шарифат бар Исламда,
Әрбірін атап берген мұсылманға.

Әуелі бір Алланы танып, білмек,
Баршаны жаратушы Ол құдірет.

Тіліңді келтіргейсің кәлимаға¹,
Пайдасын тигізер зор әрине Алла.

Екіншісі жуып жүргін бар мүшенді,
Таза мүмін соңынан алғыс ерді.

Үшіншісі бес уақыт намазды өте,
Мүсілімдігің сол шақта болмас қате.

Төртіншісі қалмағын зекетті аяп,
Исламның хәлі осы, ей, зул-хаят².

Бесіншісі ораза, маһ-е сийам³,
Мұсылмандық басы бұл иман жиған.

Алтыншысы қажылық ет шамаң келсе,
Расулдың құш раузасын⁴ тәмам елше.

Мұсылмандық осылай танылады,
Көңіліңе нұсқасы жазылады.

Жетіншісі жәнабат ғұсыл алғын,
Иманыңды тазалап асылданғын.

Сегізіншісі ғазилық⁵ білгін һәман⁶,
Барлық көмек болады Исламнан.

¹ Сөз, алайда мұнда «Кәлимә-и шәһадәт», яғни иман куәлігін айтып отыр

² өмір иесі, яғни тірі жан

³ ораза айы

⁴ бақша, алайда мұнда Мұхаммед пайғамбар жатқан жерді айтып отыр

⁵ дін үшін ұрысқа шығу

⁶ солай, осылайша

Тоғызыншы эз нәһиден¹ тыйылғайсың,
Исламның жалғасы бұл жыйылғайсың..

Оныншы нәпсі әдебін сақтап жүргін,
Көркейтіп Исламды баққа кіргін.

Он бірінші әмір мағруф² іс қылсаңыз,
Иман ізде, боларсың үшбу аңыз.

Он екінші ақиреттен қорыққайсың,
Нұр иман қазынасына жолыққайсың.

Он екі Исламның бұл шарифаты,
Ислам байлық ілім халифаты.

Білмесең жолын осы шарифаттың,
Қалай халін ұқпақсың тарикаттың.

Хақиқаттың мүлкін таныр мол білген,
Шарифат һәм тарикатпен жол жүрген.

Парыз, уәжіп жайынан еттік баян,
Адамзаттың бәріне болсын аян.

Су үкімін тағы да тыңдап алғын,
Әрбірінен белгіні бір аңғарғын.

Адам таза болмағы сумен болар,
Лас суға, қанеки, не амал бар?

¹ тыйылған, қайтарылған нәрселерден

² халықты жақсылыққа шақыру

ОНЫНШЫ БАП

Хәүздің үкімдері баяны туралы

Оныншы бап арналды хауз баян,
Құдықтар үкімінен айтам аян.

Теңіздің таза суы әлде мәкір,
Бәрі де көктен жауған қар мен жаңбыр.

Атауы барлығының су болады,
Ғұсыл мен дәретке рас бір жарары.

Алайда хәүздердің біл үкімін,
Біліп ап өзгелерге қыл үкімін.

Хәуз әкбәр¹, хәуз асғар² деп бөлінер,
Біліп алғын осылай жіктелінер.

Хәуз әкбәр он ішінде он болар,
Дөңгелегі қырық аршынға тең болар.

Отыз алты дейді біреу көлемін,
Қырық сегіз дейді біреу дерегін.

Бұдан кіші болса егер асғар дейді,
Түссе нәжіс өлі суға бастар дейді.

Хәуз әкбәр нәжіске былғанбайды,
Зияны жоқ, дәрет ал, біл мұндайды.

Сүзіп таста нәжіс көп болса суда,
Көрінбесе жарайды ол тұтуға.

Өзгерсе су рені әлде маза³,
Бұл суға дәрет алу ол нәсаза⁴.

¹ үлкен

² кіші

³ дәм

⁴ дұрыс емес

Біреуі үш сипаттың осы айтқан,
Білінсе тұтынбай жөн райдан қайтқан.

Ол судан алсаң дәрет әлде ғұсыл,
Нәжіспен деп білгейсің болды уәсл¹.

Кендігі екі аршын судың болса,
Созылып жатса егер ұзын сонша.

Су алабы он ішінде он болар,
Хәуз әкбар үкімі де сол болар.

Егер хәуз таза болса нәжістен,
Тұтын дағы пайдаланғын әр іске.

Егер нәжіс түссе болар ихтилаф²,
Бірі таза, бірі өлі су дер хилаф³.

Нәжіс жатқан жерден жырақ бар дағы,
Қажеттілік туса тұтын ал дағы.

Бұл рауаят көрсетер түзу жолды,
Іске кіріс әрекетің болар оңды.

Мустақим⁴ шарифаты Мұстафаның,
Тура жолға бастайды ұстағаның.

ҚҰДЫҚҚА ЖЕТІ НӘРСЕ ТҮССЕ ОНЫҢ ҮКІМДЕРІ

Мәкруһ жайы баян болар бөлімде,
Инс⁵ пен жан⁶ оқып білсе тегінде.

Жеті нәрсе суы мәкруһ делінер,
Әбу Ханифа қаулысынан көрінер.

Тышқан, қарға, четук, тауық һәм жылан,
Келте тұмсық, қалукұстар қаңғыған.

¹ қосылу

² пікір қайшылық, талас, тартыс

³ тартыс, дау

⁴ тура, дұрыс жол

⁵ адамдар

⁶ жындар

Жеті нәрсе өлсе егер осынау,
Құдыққа үкім қалай болмақ, досым-ау?

Осылардың бірі түссе құдыққа,
Не істеуге болатынын ұмытпа.

Төгіп таста құдықтың суын тамам¹,
Үш күн-үш түн намазды оқып әмән.

Қарлығаш пенен сырша, тышқан, четук,
Жатса егер құдыққа түсіп кетіп.

Зияны жоқ құдықтан шықса тірі,
Есінде тұт, болса да қайсыбірі.

Су бұдан бұзылмайды, соны білгін,
Жіберіңдер намаз оқып бір күн-бір түн.

Құдықтан су төгіндер жиырма қауға,
Он қауға ықтияты су масиуа².

ҚҰДЫҚҚА ҚАН ТАМСА НЕ ЕСЕК ТҮССЕ ОНЫҢ ҮКІМІ

Бұл бөлімде құдыққа болар баян,
Қан менен арақ тамса қандай аян.

Құдыққа тамса егерде бір тамшы қан,
Не сідік, әлде арақ болса һәман³.

Саналар өлексенің баршасы бар,
Осылай етті бізге имам ықтияр.

ЖЕТІ ЖАНУАР ҚҰДЫҚҚА ТҮССЕ ОНЫҢ ҮКІМІ

Бөлімде құдыққа түссе жеті нәсте,
Айтылады үкімі оның пәсте.

Құдыққа жеті жануар егер түссе,
Бас ұру керек болар қандай іске?
Төгіп таста құдықтың суын тамам⁴,

¹ бәрін

² басқа нәрсе

³ солай

⁴ барша

Үш күн намаз оқығын дәр ихтимам¹.

Кетпес үшін тағы да су бұзылып,
Қалмау керек намаз күн-түн үзіліп.

Құдықтан тағы су төк қырық қауға,
Бұйырды имам мұны ұмытпауға.

Назымменен² бұл баян болсын тағы,
Ілгері дін хақысын алсын бәрі.

Егерде үйрек, қарға, әлде бір шай,
Тышқан, қаз, чығрақ не тазы құмай.

Тірі шықса құдықтан болар арығ³,
Құдық суы делінер таза қалып.

ЖЕТІ ЖАНУАР ҚҰДЫҚҚА ТҮССЕ НӘЖІС ЕТЕР

Жеті жандық жайы айтылар бөлімде,
Құдықта өлсе үкім қалай тегінде?

Бұл жетеуін айтайын білгің келсе,
Есте сақтап жүргейсің мүміндерше.

Мейлі олар ісінсін, ісінбесін,
Төгіп таста барлық суды түсін де шын.

Айттым мұны ел-жұртқа назымменен,
Ынтамен істі қыл деп жаздым да мен.

Бірі адам, қой, есек, қашыр олар,
Ат пенен құлан және сиыр болар.

Бөлімде жетеуінің жайы айтылад,
Болған мәлім үкімімен кәйфийат⁴

Жануардың осынау жеті түрлі,
Құдықтан шықса өлігі білгін мұны.

¹ Ыждағатпен, ынтамен

² өлеңменен

³ таза

⁴ сапа

Егерде тірі шықса қалмай өліп,
Жол көрсетті алдыңғы әһлі сулук¹.

Назымменен айтылды бұл барша жат,
Санасаң болар бәрі сабғиат² нақ.

Түлкі мен «ғазнәфәрсәк» лабы,
Бірі жәнбі, бірі ит, бірі кәбі.

ҚҰДЫҚТЫҢ СУЫН ҚАНШАЛЫҚТЫ ТӨГУ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Құдық суы қаншалықты төгіледі,
Бөлімде үкімі оның беріледі.

Құдықтың суын төгер болсаң өзің,
Біліп ал ең әуелі нәжіс көзін.

Содан кейін есеп қыл әр қауғаны,
Ей, ұя³, шықсын судың дәл аумағы.

Үкімі тазалаудың болса аян,
Есептеп қауғаменен іске таян.

Есептен жаңылыссаң су рауан⁴,
Болар оның тазалығы дәр гуман⁵.

Екі жүз не тағы да үш жүз қауға,
Төгіп таста күдігің қылмас әура.

Қанша су болса құдық ішінде егер,
Есептеп сол бойынша суды төгер.

Осындай қияспен⁶ болар құдық арығ⁷,
Өйткені су жиналар тағы да ағып.

Түгелдей тауысуға жоқ иғтибар⁸,
Деп үкім қылды сахиб бек ықтияр.

¹ жол, тариқат иелері

² жетеу

³ адам

⁴ оңай

⁵ күдікті

⁶ салыстыру

⁷ таза

⁸ несие, қарыз

Құдықтан суды төксе егер тартып,
Қауғаға не ыдысқа жіпті тағып.

Жіп арығ¹, ыдыс арығ, адам арығ,
Құдықтың суын төгіп отыр фарығ².

Үкімі шарифаттың зәһир³ солай,
Батыны⁴ Алладан өзгеге болмас оңай.

Батынын Алладан өзге жан білмейді,
Барлық жан ләдун⁵ ілімін һәм білмейді.

СҮТКЕ НӘЖІС ТҮССЕ ҮКІМІ НЕ-ДҮР?

Нәжіс түссе сүт пенен йоғұртқа⁶,
Бөлімнен біл де айта жүр өзге жұртқа,

Қой сауарда сүтке түссе егер бәшкіл,
Үшке жетсе болар оның халі мүшкіл⁷.

Бұзылмаса жылдам алып тастағанда,
Сүт реңі өзгермесе тостағанда.

Мұндайға үкім айтқан рауи⁸ кул⁹,
Ішуге болатұғын халал деп біл.

Екеу болса сүт ішінде болмас зиян,
Болды заһир¹⁰ үкімі мұның аян.

Айн¹¹ нәжіс егерде үшеу болса,
Сүтінде тазалық жоқ деп біл сонша.

Қанша халал болса дағы құрты бар,
Жыбырлаған құрт ағзаңа ұмтылар.

¹ таза

³ құтыл, яғни құтылып

³ сырты

⁴ іші

⁶ сопылық ілім

⁶ айранға

⁷ қиын

⁸ риуаятшы

⁹ сөз, дерек, қаулы

¹⁰ сырт

¹¹ көз

Өліп қалған болса ол пәк-дүр һаман¹,
Қорықпағын болар деп сен бір зиян.

Йоғұртты егер ит кеп жаласа,
Тиген жерін таста итке оңаша.

Суы шығып кетсе йоғұрт былғанған,
Пайда көрме іріп кеткен бұл дәмнан.

Ол йоғұрт қою қалпын бұзбаса,
Ұйып жатса зиян болмас сізге аса.

Қою қалпы болса егер үкімі пәк,
Ірігеннің үкімі болар нәпақ².

МАЙҒА ИТ ТИСЕ ОНЫҢ ҮКІМІ

Бөлімде айтылады үкім майға,
Көзінді қанықтырар бүкіл жайға.

Ит тисе майға онда не етпек керек,
Қалай ғана оны пәк етпек керек?

Үш рет майды сумен қайнатасың,
Араластырып әбден бойлатасың.

Тұндырып ал біршама қойып қой да,
Шөгеді су түбіне қою май да.

Қайнағанда су майды тазалайды,
Суын төгіп пайдалан таза майды.

Осылайша май дағы тазаланар,
Тазалықпен әрдайым иманды озар.

Осылай деп қаулы еткен міскінге,
Әбу Жүсіп имам елдің үстінде.

Қатқан майды қолмен сүзіп ала бер,
Ол нәжістен ада болған таза дер.

¹ солай

² пәк, таза емес

Бұл үкімді етті осылай иттифақ¹,
Етсең амал болар дәйім жақсырақ.

ЕТ НӘЖІС БОЛСА ҚАНДАЙ ЖОЛМЕН ПӘК БОЛАДЫ

Бұл бөлімде айтылмақ еттің жайы,
Тазалау нәжіс еттің көп мұндайын.

Ет нәжіс болса оны не етпек керек,
Не нәрсемен оны пәк етпек керек?

Үш рет қайнатасың қазанға сап,
Жуасың нәжіс судан тазарта сап.

Шариғат айтар осылайша болар халал,
Әрбір сөзге бір қарап болма малал².

Ет суы мен басқа судың бәрі бір,
Қайнаған соң таза болмақ үкімі бір.

ҚАТТЫ (ҒӘЛИЗӘ) ЖӘНЕ ЖЕҢІЛ (ХӘФИФӘ) НӘЖІС БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Бөлімде баян болар нәжістен әр,
Баршасының үкімін білгейсің, жар.

Еті жеуге болмайтын құс саңғырығы,
Хәфиф³ нәжіс атайды енді мұны.

Етін жеуге болатын құстардың бар,
Саңғырығы қашанда пәк саналар.

Бірақ тауық һәм үйрек әһлі дигәр⁴,
Бұларды сахиб⁵, ғәлиз⁶ дейді мәгәр.

Жеуге болмас жануардың дәреті тамам⁷,
Болады баршасы ғәлиз және харам.

¹ кенет, мақұлдау

² қапа, реніш

³ жеңіл нәжіс

⁴ басқа

⁵ ие, қожа

⁶ қою, қатты

⁷ барша

Дәреті хәфиф¹ жеуге болар жануардың,
Басқалардан жолы жеңіл ұғып алғын.

Ғәлизден қадір² дәрһәмдей³ болса егер,
Лайықты болмас жанға намаз етер.

Ондай нәжіс хәфифә деп аталар,
Иғтибар⁴ төрттен бірін қылады әр.

Төрттен бірі жеңіңнің тисе егер,
Нәжісті тазала да жуып жібер.

Одан аздау болса егер қылмас зиян,
Көп болса намаз оқу батыл⁵ һәмән⁶.

Әр нәжіс деп саналар ғализа⁷ айн⁸,
Тазалап жуу оны парыз дәйім.

Өйткені тонмен намаз оқылмайды,
Ихтираз⁹ еткенің жөн осындайды.

МУСТАҒМАЛ¹⁰ СУДЫҢ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Бөлімде судың қандай мустағмалы,
Айтылар үкімі мен оның халі.

Тыңда да мустағмалдың біл үкімін,
Мәлім етіп өзгелерге қыл үкімін.

Жақындау үшін Аллаға абдәст¹¹ қылар,
Ағзаларын су шайып тазалап тұрар.

Ол суды деп атайды мустағмалат,
Ханифа қаулысында болған мәғлизат.

Мұхаммед мұны айтқан таһира деп,
Заһирдан келетін біл заһира деп.

¹ жеңіл

² баға, құн; өлшем, мөлшер; дәреже

³ шырмалып қалған, шиеленісіп кеткен; күрделі, жүйесіз

⁴ несие

⁵ қате, дұрыс емес

⁶ солай

⁷ қатты нәжіс

⁸ өзі

⁹ абайла, сақ бол

¹⁰ жалпы қолданылатын

¹¹ дәрет алар су

ОН БІРІНШІ БАП

ДӘРЕТХАНАҒА КІРМЕК ӘДЕПТЕРІ

Айтылады он бірінші бапта бұл,
Дәретхана әдебінің үкімін де сақтап жүр.

Расулдың разылығына етсең талап,
Айтайын дәрет әдебін тұрсаң қалап.

Білгенімше айтайын әрбірінен,
Атын атап, түсін түстеп барлығын мен.

Кіргейсің ішкеріге сол аяқпен,
Дәретхана алдына сен таяп кеп.

Күн мен ай және дағы құбылаға,
Ей, муттақи¹, арқа берме, жүзді бұрма.

Және де дүние сөзін сөйлеме баз²,
Мұны да біліп жүргін, ей, ділнәуаз³.

Тәнәхнух⁴ қып ұрғайсың жерге аяқ,
Күдік қалмас көңілде келсең таяп.

Әжетіңді шығарып болғаннан соң,
Әдеппен суды алып отырған жөн.

Әдеппен сол қол бармақ ұшыменен,
Жұмсағын салып барлық күшіменен.

Ортаңғы саусағыңды бірге жұмса,
Бөксеңді саусағың сол сүртіп тұрса.

Оң аяқты содан соң шығарып ап,
Іске кіріс, әуелі әуретің жап.

Егер үй болса ханикаһ⁵, әлде мазар,

¹ діндар

² тағы

³ мейірімді жүрек

⁴ дауыс шығарып, ары-бері теңселіп

⁵ сопылар ғибадатханасы

Бұл әдептен ғапіл зинһар¹ болма азар.

Шыққайсың оң аяқпен, кіргенде сол,
Даналар осылайша көрсеткен жол.

Отырып қыблыға дәрет алар,
Басыңды шеш, үстіңе мейірім жауар.

Екі рәкағат соңынан оқып намаз,
Қажетінді арыз қып еткін нияз².

Қабыл болар Алладан құлшылығың,
Айтқан мұны Мұстафа, жұртшылығым.

¹ ешқашан

² дұға

ОН ЕКІНШІ БАП

ДӘРЕТ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Он екінші бап айтар дәрет жайын,
Парызы қаншалықты болар дәйім.

Төрт парызы болады, ей, біл, кемел,
Парыз етіп жіберді бізге Зул-жәлал¹.

Бетіңді жу, ұмытпа бұл тағлымды,
Содан соң қолың менен шынтағыңды.

Үшіншісі мәсі рубғ² басыңа тамам,
Соңында жу аяқты уәс-сәлам³.

ДӘРЕТТІҢ СҮННЕТТЕРІ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Бөлімде жуынудың бар сүннеті,
Екі дүниеде артады жар дәулеті.

Жуынудың сүннетін ұқ, ей, сафа⁴,
Бұны айтқан дін иесі Мұстафа.

Екі қолды жуу керек басында,
Атын айтып бір Алланың расында.

Аузыңды шай, құлағыңды тазала,
Сақалды жу, мұрынға су ал аз ғана.

Және де мәсі тартқын басқа тағы,
Бұл бұйрық Расулдың ұстатқаны.

Және де жумақ ұшар ағзалары,
Үш кесекпен сүннет истинжалары⁵.

¹ құдірет иесі, яғни Алла тағала

² төрттен бірі

³ амандықта

⁴ таза, мөлдір

⁵ асдәрет

ДӘРЕТТІҢ МУСТАХАБТАРЫ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Бөлімде мустахабтан тыңда баян,
Ей, расида¹, мұны етті баршаңа аян.

Мустахаб оң жағыңнан баста да жу,
Басыңа түгел және мәсі тарту.

Ниет еткін мойынның мәсісін тамам²,
Жуынарда дұға еткін һәм уәс-сәлам³.

Кейбіреулер мұны тәтәууғ⁴ деп біледі,
Тағы бірі мұны сүннет деп жүреді.

ДӘРЕТТІҢ МӘКРУҰТЕРІ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Кәраһийәт⁵ үкімін бөлім айтар,
Шариғаттың талабын әркім байқар.

Сол қолыңмен жусаң ауыз, мұрыныңды,
Кәраһиат болады, білгін мұны.

Және де назар салу әуретіңе,
Сөйлеме өзге сөзді дәретіңде.

Содан соң қатты шашпа суды жүзге,
Саусақтарды сілкіме және түзге.

ДӘРЕТ НЕ НӘРСЕЛЕР БІРЛӘ БҰЗЫЛАДЫ?

Бұзатын жайы баян бөлімде узу⁶,
Шариғатта етер қалай оны түзу.

Ол екі мүшеңізден шықса егер,
Дәретіңді алынған қате етер.

Қан, ірің, сары су мен құсық һәман⁷,

¹ жасөспірім

² барша

³ амандықта

⁴ өз еркімен бағыну

⁵ жиіркенішті істер

⁶ дәрет

⁷ солай

Сындырсаң дәретің де бұзу һәман.

Сүйеніп бір нәрсеге ұйықтап қалу,
Жүніп болып және де естен тану.

Ұсақ тасқа шықсаңыз ойпаңдағы,
Ей, муттақи¹, қарқылдап күлсең тағы.

Бірі мәни, бірі уәди, мәзи бірі,
Болар нақыс дәретіңнің өзі бәрі.

ҚАНША СУМЕН ДӘРЕТ АЛЫНАДЫ?

Бөлімде баян болар су мөлшері,
Дәреттің мәлім болған бұл өлшемі.

Ысырапқа, ей жандар, бермегін жол,
Дұрыс болмас тек шашу, білгенің қол.

Шариғат әрбір іске мөлшер қойған,
Бұл фәрғ² жүрмесін тек шығып ойдан.

Қапы қалма муттақи дін ісінен,
Ілімнің үйрен оқып бұл ішінен.

Үш тостаған суменен дәрет қылғын,
Бес тостаған ғұсылға жетер білгін.

Бір тостаған жетеді іш дәретке,
Тағы бірі жетеді қол мен бетке.

Аяқты бір тостақпен жусаң тамам³,
Бес тостақпен ғұсыл қыл уәс-сәлам⁴.

Барлығына кетері сегіз болды,
Дәрет, ғұсыл суы осы негізі оңды.

¹ діндар

² бір, тармақ

³ барша

⁴ амандықта

ОН ҮШІНШІ БАП

ҒҰСЫЛ НЕШЕ ЖЕРДЕ УӘЖІП-ДҰР?

Он үшінші бапта бұл қылады жар,
Ғұсылда уәжіптің қаншасы бар.

Бейхабар қалып жүрме бұдан өзің,
Қалар болсаң егерде діннің сөзін.

Бұл жайды білместігің дәл кешегі,
Қылмысыңды Алла саған көрсетеді.

Жасырмағын шарифаттың әсте ісін,
Діннің ойла күні-түні тәшпішін¹.

Хақтан өтін, ісіңе бол зинһар²,
Пайдалы іске әрқашан сал иғтибар³.

Ынтаменен дінді үйрен рәуан⁴,
Жақындарсың өзің Хаққа бір қадам.

Бес нәрсе бар ғұсылды бұл бұзатын,
Шарифатпен айттық үкім біз ақыл.

Әуелі ол түнде ихтилам⁵ сезілсе,
Төсегінде соған ұқсас көрінсе.

Қатыныңмен болсаң және илтиқа⁶,
Ұрық шықпай болса егер жәй лиқа⁷.

Кетсе егер бойдан ағып шаһуатың,
Хайыз⁸, нифас⁹ көрсе егер сау қатын.

Үшбу¹⁰ істе ғұсыл уәжіп бәріне,
Бесеуі қатындарға, ал үшеуі ерлерге.

¹ уайым

² абай бол

³ назар, несие

⁴ оңай, жеңіл

⁵ еріксіз шаһуаттың шығуы

⁶ қосылу

⁷ кездесу, тию

⁸ етеккір

⁹ әйелдерде босанғаннан кейін келетін қан

¹⁰ осы

ОН ТӨРТІНШІ БАП

ҒҰСЫЛДЫҢ ПАРЫЗ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Айтылар сөз он төртінші баптағы,
Бұл ғұсылда неше парыз жатпағы.

Жасалатын ғұсылда үш парыз бар,
Орындасаң тәмам болар қарыздар.

Мұрыныңды, ауызбен һәм тәніңді,
Түгел жуғын, тазартып бар жаныңды.

ҒҰСЫЛДЫҢ СҮННЕТІ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Айтылады бөлімде ғұсыл сүннеті,
Оны білу бар мүміннің міндеті.

Бес сүннет бар ғұсылда біл, ей, кісі,
Жасағанның жақсы болар әр ісі.

Екі қолды алдыменен жуып ал,
Содан кейін әуретіңе су жұмсар.

Денеңдегі нәжісті бар кетіріп,
Және узу¹ дәрет алғын бекініп.

Су тигізіп үш рет алғын бар тәнге,
Бас пен оң қол, сол қолды жу сол демде.

Ашып жуғын шаштың әрбір арасын,
Осы үкім тазалар әйел баласын.

Су тигізер шаштарының түбіне,
Содан кейін жүніп болған жеріне.

Шаштың ұшы құрғақ қалса жоқ зиян,
Жүніптік ғұсыл жасалынды дәл һәман².

Содан кейін тазаласын шашын да,
Құлақ, кіндік, мұрын ішін расында.

¹ дәрет

² солай

ОН БЕСІНШІ БАП

ТАЯММУМ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Осы баптан қажетінді байқағын,
Таяммумда парыз қандай, айтамын.

Таяммумда айтылар төрт парыз бар,
Тәңірі хақы орындалсын қарыздар.

Ең алдымен іске ниет еткейсің,
Таза топырақ тауып алып беттейсің.

Алақанды жерге жайлап ұрасың,
Қос қолыңмен жүзінді сүртіп тұрасың.

Және ұрасың қолдарыңды тамам¹,
Сүртесің қолмен шынтақтарыңды уәс-сәлам².

Дәретінді бұзатын бар нәрселер,
Таяммумды бұзады ол болса егер.

Сол маңдарда жақын жерде су болса,
Қолдануға ерінсеңіз сен сонша.

Аралығы бір милден қашық болмаса,
Таяммумың лайық емес онда аса.

Болса егер сол суың милден³ йақин,
Құрметтегін ерінбей Тәңірі хақын.

Шариғатта бір милиң төрт мың адым,
Он екі мың бір йағаш⁴ болса жадың.

Үштен бірі төрт мың адым болса егер,
Намазға таяммумды жасай берер.

¹ барша

² амандықта

³ 1609 метрге тең өлшем

⁴ ұзындық өлшемі

ОН АЛТЫНШЫ БАП

МӘСІ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Он алтыншы бапта бұл баяндалар,
Мәсі үкімі баршаңа аян болар.

Етікке тартылар мәсі болар сүннет,
Қайим мақам¹ білгейсің парыз міндет.

Мұқимның² мәсісі бір түн-күнге,
Мүсәпірдікі³ жетеді үш күн-түнге.

Хәдестен⁴ соң мәсісі болар есеп,
Етігін кимесе егер болмас десед.

Етігі егер оның болса тесік,
Үш саусақ сыйып оған тұрса кішік.

Аяқтың саусағына ет иғтибар⁵,
Үкім қылды мұны имам ол ықтияр.

Біліп ал мәсі оған болмас рәуа⁶,
Айтты бізге бұл сөзді сахиб леуа⁷.

Мәсі тарту жарамас бұл етікке,
Болмаса да қонышта нұқсан тіптен.

Көп болса кіп-кішкентай жыртықтары,
Үлкенге саналады мұның бәрі.

Битәкәллүф⁸ беретін жауабы бар,
Кішкентай жыртықтардың үкімі дәл.

Азырақ жыртықтарға жоқ иғтибар⁹,
Көп болса есінде тұт мұны, ей, жар.

¹ жоғары мансап

² жергілікті тұрғын, яғни сапарға шықпаған адам

³ сапарға шыққан адам

⁴ кіші дәрет

⁵ назар

⁶ лайық, дұрыс

⁷ ту, жалау, яғни ту иесі деген мағынада

⁸ өзін қинаусыз, азаптаусыз

⁹ назар

Ағзаңда жара болса егер қатқақ,
Үстінен дұрыс болар мәсі тартпақ.

Жүніп болса тәніңіз егер арығ¹,
Құрғатып бір мәсімен болар фариг².

Байланса бау үстіне мәсі тартар,
Қажетсіз десе алып һәм тарқатар.

Жарасы жазылмаса бауды байла,
Тартқанда мәсіңізді енді абайла.

Мәсінің ер, әйелге үкімі бір,
Әһлі сүннет³ иелері қаулы етті дүр.

Кімде кім мәзһаб Нұғман⁴ ұстап өтер,
Осы сөзден дертіне дәрмен жетер.

Шарасын білген жандар әстісі,
Болар онда дін, иман тәшбіші.

Бұл үкім әһлі сүннет иесіне,
Жындарға әһлі жиннәт⁵ тиесілі.

¹ таза

² азат

³ сүннет иелері, яғни пайғамбар сүннетіне негізделетін төрт мәзһаб иелері

⁴ яғни, Имам ағзам мәзһабы

⁵ жындар қауымы

ОН ЖЕТІНШІ БАП

НАМАЗДЫҢ ПАРЫЗДАРЫ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Он жетінші бап келді дәр салауат¹,
Мәлім етер парыздары мен уәжибат².

Хақ жолына талпынып, талап қылғын,
Дінге келіп, Мұстафа үмметі болғын.

Парыз, уәжіп, сүннетті ұғып алып,
Исламның қадам бас шыңына нық.

Бұл намазды өтеуің болды парыз,
Он екі парызды жасау тағы қарыз.

Парыз, уәжіп, сүннетті білгенің жөн,
Құтыларсың азаптан қияметте сен.

Он екі парыз намазда бар делінді,
Ішінде алтау, сыртында алтау жар делінді.

Әуелі таза дәрет қылмақ қылмақ керек,
Намазға таза болып тұрмақ керек.

Уақыт сақтап, киімді таза қылмақ,
Ниет етіп, жүзіңді қыблаға бұрмақ.

Бірі тәкбір әуелі, екінші – қиям³,
Үшіншісі – бұл қырағат⁴ тамам.

Төртіншісі – рукуғ⁵, бесінші сужуд⁶,
Алтыншысы – біліндер, ақырғы қуғуд⁷.

Бастан-аяқ он екі болды тамам,
Алтауы іш, алтауы сырт уәс-сәлам⁸.

¹ намаздарда

² уәжіптер

³ намаздағы тік тұру

⁴ намазда сүре оқу

⁵ намазда иліп тұру

⁶ намазда маңдайды жерге тигізу

⁷ намазда отыру, мұнда парыз ретінде соңғы отырысты айтып отыр

⁸ амандықта

Білгейсің осы барша парыздарың,
Ал, тыңда, намаздағы уәжіптерің.

НАМАЗДЫҢ УӘЖІПТЕРІ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Айтылады енді намаз уәжібі,
Шарифатта көрсетілген біраз жүгі.

Уәжіп сол – «Фатиханы¹» оқығаның,
Даяр етіп сүрені зам² тоқығаның.

Екі рәкағат ішінде «Фатиханы»,
Оқу уәжіп, жарандар бар иманы.

Содан соң тағы да оқы бір сүрені,
Уәжіптің болады бұл тілегі.

Уәжіп – тәғдил әркәнеткендерің³,
Яғни рукуғ⁴, сужуд⁵ жеткергенің.

Орта қағидада⁶ отырмақ жалғызын,
Оқымақ ақыр тахиятты⁷ түзін⁸.

Ол үтір⁹ ішінде күнт¹⁰ уәжіп тамам,
Һәм намаздан шықпақ үшін сәлем.

Көтермек айт тәкбірін имам,
Әшкере қылмақ үнін ол имам.

Намазда істелінер уәжіп осы,
Екі рәкағат ішіндегі көңіл қошы.

Тағы бірі ақырын оқымақ имам,
Екінші Бесін ішінде уәс-сәлам¹¹.

¹Құранның алғашқы сүресі, бұл сүресіз намаз оқылмайды

² жалғау, яғни намазда «Фатиха» сүресінен кейін бір сүре жалғау

³ намазды қатесіз оқу

⁴ намаздағы рәкағаттар

⁵сәжделер

⁶намаздағы отыру, мұнда ортаңғы отыруды айтып отыр

⁷ намазда «әт-тәхийәт» дұғасын оқу

⁸ түзу, тура

⁹ үтір уәжіп намазы

¹⁰ үтір уәжіп намазында оқылатын дұға

¹¹ амандықта

Үшбу¹ он бір уәжіпті қылдым баян,
Үйреніп амал жаса кәрі, жауан².

Уәжіпті уақытында қылмақ уәжіп,
Ұмытсаң жасау қажет сәжде уәжіп.

Бұзылар намазыңда парыз қалса,
Мейлі сәһу³ жасағын мыңнан аса.

Қалса сүннет сәһу сәжде жоқ оған,
Мейлі сәһу жасай бер жүрмес бұған.

Әдейілеп сүннетті үзсең, ей, дана,
Күнәлісің, алайда құлшылығың рәуа⁴.

Уәжіпті әдейі етпесең егер,
Міндетіңе шынында нұқсан келер.

Ұмытып тастап кетсең бір уәжіпті,
Сәһу сәжде болар оның уәжібі.

Сәһу сәжде амалын айттым саған,
Құлақ қойған жарандар мына маған.

Сәһу түссе қыл намазыңды тамам⁵,
Һәм тәшәһһуд⁶ һәм тәхийәтті⁷ содан.

Қалғанын оқып бітір етіп тамам⁸,
Әуелден солай болып келді кәлам⁹.

Имам болса бір сәлеммен іс те бітер,
Ұюшылар көңіліне тыныштық жетер.

Жалғыз болса берерсің екі сәлем,
Қалғанымен бұл істі етер тамам¹⁰.

¹ осы

² жас

³ намаздың уәжіптері бұзылғанда кемшілігін жою үшін жасалатын сәжде

⁴ дұрыс

⁵ толық

⁶ намазда отырғанда оқылатын

⁷ намазда отырғанда оқылатын

⁸ аяқтау

⁹ сөз

¹⁰ аяқтау, бітіру

НАМАЗ ОҚЫМАҚТА СҮННЕТ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Бұл бөлімде айтылар сүнән¹ намаз,
Оқып, үйрен, амал қыл сахиб нияз².

Сүннеттерін намаздың есіткейсің,
Шапағатынан Расулдың кешікпейсің.

Медетпен сүннет ұста, ей ақылман,
Кем қалмассың Мұстафа мұратынан.

Тәхримә³ сүннет болар бұл да мына,
Қолдарыңды жеткізгейсің құлағыңа.

Имам болсаң қаттырақ тәкбір көтер,
Һәм сәнамен⁴ намаздың соңы бітер.

«Әғузу⁵», «тәсмия⁶», «тәмин⁷» айтып және,
Қолдарды байлау қажет бір-біріне.

Және де рукуғ, сужуд тәкбірі бар,
Арасында ұмытпа тәспісін, жар.

Содан соң рукууғтан қайт рас көні⁸,
Сужудтан жоғары қалу болар жөні.

Ортаңғы отырыста тәхийәт⁹, тәшәһһуд¹⁰,
Ақырында хазіретке¹¹ айтқын дуруд¹².

Және біл оқылатын дұғалар бар,
Мұстафа шапағатынан болар ықтияр.

Осылардың баршасын оқу сүннәт,
Әһлінің¹³ барар жері ол бір жәннәт.

¹ сүннеттер

² қажеттілік, дұға иесі

³ намазда қолды құлаққа дейін көтеру

⁴ Аллаға мадақ айту

⁵ яғни, «Әғузу билләһиминәш-шәйтанир-ражим»

⁶ яғни, «Бисмилләһир-рахмәнир-рахим»

⁷ яғни, «Әмин»

⁸ тура, түзу

⁹ намазда отырғанда оқылатын дұға

¹⁰ намазда отырғанда оқылатын дұға

¹¹ мұнда Мұхаммед пайғамбарды айтып отыр

¹² сәлем, салауат

¹³ яғни, пайғамбардың сүннетін ұстанатындар

НАМАЗДЫҢ ӘДЕПТЕРІ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Баяндар бөлім намаз әдептерін,
Мәлім етіп қанша екенін әдеттегі.

Әрбір істе егер әдеп болса аян,
Міндетін атқарғаны осы баян.

Әдепсіз қызметке жоқ ешбір кәрәм¹,
Қызмет қанша болса да әһлі мухтарам².

Бұл намаз Хақ қызметі біл, ей, сафа,
Әдебіне намаздың еткін опа.

Сәжде етер жеріңе қарау әдеп,
Есінесең аузыңды жапқайсың тек.

Қолдарыңды шығарғын жеңдеріңнен,
Тура ұста басыңды белдеріңмен.

Сәждеде қарап тұрғын мұрыныңа,
Рукуғда назар сал тобығыңа.

Отырғанда тізеңе қылғын назар,
Масиулладан³ өзгелер биықтияр⁴.

Парыз – шаһ, Сүннет – уәзір намаздағы,
Рәкәғаттар намаздың болар жаны.

Кім бұларды біріктіріп қылса амал,
Шайтанның әскері болар дәр мәхәл⁵.

Егер сен жолыменен жүрсең иман,
Сүннеттің әдептерін сақта жиған.

Үшбу⁶ сүннет әдебін ұстамаған,
Жете алмай мақамнан⁷ ол тыста қалған.

¹ мейірім

² құрмет иелері

³ Алладан басқа ешнәрсе емес

⁴ ықтиярсыз

⁵ орындалмайтын, мүмкін емес; орынды

⁶ осы

⁷ дәреже

Мұстафаның шарифаты берік қадам,
Ілімі күн секілді көрік саған.

НАМАЗДЫҢ ПАРЫЗДАРЫ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Бөлімнен білгін намаз парыздарын,
Етілген мәлім үшбу қарыздарын.

Оқылады бұл намаз күн ішінде,
Он жеті парыз оның тұр ішінде.

Таң намазда оқылар екі рәкәғат,
Бесінде болады ол төрт рәкәғат.

Екінтіде төртеу болар, ақшамда үш,
Құптанда төрт, үтір уәжіп тақ санды үш.

Жиырма рәкәғат болды екеуі,
Бірігіп он жетімен енді үшеуі.

Он жеті рәкәғат болар парыз,
Үш уәжіп және дағы сондай парыз.

Шарифатына Мұстафаның берік бол деген,
Дәулетің артсын дейді әр дембедем¹.

НАМАЗДЫҢ СҮННЕТТЕРІ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Бұл бөлімде намаздың сүннеттері,
Айтылады және де міндеттері.

Келдік енді сүннетті шәрх² еткелі,
Мұстафаның жолымен дәл кеткелі.

Көрінер шырақ бізге Мұстафадан,
Құр қалмасын саясынан ұстаған жан.

Сүннетті жамағатқа бұйырыпты,
Шапағат бер деп қияметте сыйыныпты.

¹ жылдам

² түсіндірме

Он екі рәкәғат сүннет қамуғ¹,
Бұл муәккәд² деп айтты бізге Ұлық.

Екі рәкәғат таң намазы ішінде,
Алты рәкәғат келеді екен бесінде.

Ал екеуі оқылады ақшамда,
Және екеуі құптан болып жатқанда.

Отыз екі болды үшеуі осыны ұқ,
Парыз, уәжіп, сүннет бәрі қосылып.

Үйреніп, білмейтінге айтсаң жауап,
Білмесең, айтқаныңнан не сауап?

Өмірді сыйлағанда Алла саған,
Ақыл, ілім көңіліңе жазған тамам.

Жаныңды иманменен таза сақта,
Құлшылық қыл, ілім ол жалғыз Хақта.

Үшбу хәлің түбінде арыз сол болар,
Жасаған әрбір ісің өзіңе оралар.

Міне, осындай оның әрбір ісі саф³,
Болмас таза тола тұрса құр іші лаф⁴.

Ілімменен амалыңды қылғын тәмиз⁵,
Надандықтың нәпсі атына мінбесеңіз.

Мұстафа шарифатында бол сен деген,
Дәулетің таси берсін дембедем⁶.

НАМАЗ ҚАЗАҒА ҚАЛСА КҮНӘСІ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Бұл бөлімде айтылар намаз қазасы,
Ондай шақта қандай болмақ жазасы?

¹ барша

² яғни, сүннет

³ таза

⁴ бос сөз, мылжыңдық

⁵ таза

⁶ тез, жылдам

Намазыңда жіберсеңіз бір қаза,
Жеті тамұқта тартқызады хор саза¹.

Бәйтулла² ішінде ол деген анасымен,
Жетпіс зинаға болады шамасы тең.

Сексен хақаб³ тозақтың ішінде қалар,
Көңіліңе ұғып мұны түсінсең жарар.

Әр хақабың сексен жылға тең келер,
Есептеп көр, сексен хақаб қанша болар.

Алты мың төрт жүз жыл болады барлығы,
Үш мың екі жүз тең болады қалдығы.

Бір қазаға мұнша жылдар жанғаннан,
Күн-түн намаз оқып дұрыс қамданған.

Бұл жаһанның әуелі мен ақыры,
Бір сағаттық дейді сәруар⁴ ақылы.

Бір сағат қылсаң ғибадат не болар,
Барар жер бәрімізге бақи болар.

Сәруар⁵ айтқан екі жаһан арасын,
Жер көкке нәрдбан⁶ арқылы барасың.

Кім ғибадат қылса көрі нұр болар,
Дәр қиямет⁷ тозақ оты дүр⁸ болар.

Хур ғилман⁹ талпынған жан мәңгі қалар,
Жатқан жері сегіз жұмақ орны болар.

Алланың хушнуды¹⁰ бұл намазың,
Шаттығы иманның боп тұр намазың.

¹ жаза, яғни жазаланады

² Алланың үйі, яғни Қағба

³ құты

⁴ көшбасшы, яғни дін сәруары пайғамбар

⁵ көшбасшы, яғни пайғамбар

⁶ баспалдақ

⁷ қияметте

⁸ алыс, қашық

⁹ жәннаттағы хор қызметшілері

¹⁰ разылығы

Намаз ол бір тылсым күш өтетұғын,
Тамұқ отын сөндіруге жететұғын.

Намаз ол көр ішінде жанған шырақ,
Жұмаққа жеткізетін ол бір пырақ.

Бұл намаз көр ішінде ас та болған,
Пенденің күнәларын пәсте жуған.

Бұл намаз құлшылықтың басты күші,
Әмбиенің¹ тұтынған нақты ісі.

Мәңкүр-Нәңкүр талап етер намаз құжат,
Алланың жолына ол болар курбат².

Намаздың ұқсасы мен теңдесі жоқ,
Құлшылықтар асылы, сардары тек.

Намазбен бол, намазбен бол, банамаз³,
Мүмін болсаң өлме әсте бинамаз.

Бинамаздық болар құлдың ең қоры,
Бинамаздың болмайды еш тәні ары⁴.

Бинамаздар Хаққа дұшпан бикүмән⁵,
Олар кәпір һәм мүнәпық-дүр хәман⁶.

Бинамаздың жүзі менен бойы сүм,
Сұхбаты мен дидары һәм ойы сүм.

Бинамаздың қолынан жеме тағам⁷,
Бинамазға лағынет айт мустадам⁸.

Бинамаздың кәсібі харам мутләқа⁹,
Тәспісі жоқ тартатын оның Хаққа.

¹ пайғамбарлар

² жақын

³ намазбен, намазды

⁴ таза

⁵ күмәнсіз

⁶ солай

⁷ тамақ

⁸ мәңгі

⁹ шексіз

Бинамаз лағнет Ібіліс әскерлері,
Жұмақтан орын алмас дәл ішкергі.

Бинамаз тұрғысы келсе әр сабах¹,
Ібіліс айтар тұрма сенде жоқ силах².

Үстіне жатар Ібіліс қанат жауып,
Тұмшалап, жатып алады есі ауып.

Күн шыққанша тұрғызбай жатқызады,
Намазын қаза қып таң атқызады.

Жамандыққа дүниеде жолығады,
Бинамаздың күнәсі толығады.

Бинамаздай ешбір нәжіс болмайды,
Нәжістерден арыла алмай оңбайды.

Бинамаздан барша фахиш³ жақсырақ,
Барша фахиш фахшы⁴ одан жақсырақ.

Мүмін болсаң Ібіліске жол берме,
Дайын болғын намаз уақыты келгенде.

Дембедем⁵ Хақтан жетеді тауপিғың⁶,
Жолдас болғай әулие мушфиғың⁷.

Мұстафа шарифатына берік бол сен,
Арттырады иманыңды дін дембедем.

ҚАЗА НАМАЗҒА ПАЙДА НЕ ОҚЫЛАР БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Айтылады бөлімде қаза намазға пайдасы,
Оқы, Зинһар⁸ қазаны кешіктірмей айда осы.

Болса егер осынау әрбір жанда бір қаза,
Тәуба етіп соңынан өтесең болар дән риза.

¹ таңертең

² қару-жарак

³ жезөкше

⁴ жезөкшелігі

⁵ тез, жылдам

⁶ көмек, жәрдем

⁷ мейірбан, ізгі, қайырымды

⁸ қашанда, әрқашан

Ол қазана кәфәрәт¹ керек болар білген жөн,
Өміріңнің соңына дейін өтеп жүрген оң.

Жұма күні тұрып ап бәғд әз намаз² жасаңыз,
Ниязы³ төрт рәкағат өтеуіңді тосамыз.

Әр рәкәғат ішінде «Фатиха» оқы бір жолы,
«Аятул-күрсіні» он беске жеткіз сол оңды.

Барлығының соңынан оқығайсың «кәусәрді» һәм,
Он беспенен жалғасып кетсе дейді ол беһәм⁴.

Оқы тағы үш рет «Кул йә әйиуһәл-кәфирин»,
Одан кейін үш рет сүре «Ихлас» һәмчинин⁵.

Төртіншіде білсеңіз қырағаттаудың парқы жоқ,
Мейлі қасир⁶, мейлі тул⁷, құпия, жария шарты жоқ.

Жетпіс рет ұмытпа сәлемнен соң байқағын,
«Астағфируллаһ» болады Хақтың құлы айтарың.

Намазыңды жалғыз Хақ қабыл еткей, ей, сафа,
Шапағатына өзінді нәсіп етсін Мұстафа.

Жетпіс рет салауат күтіп тұрар Мұстафа,
Оны былай айтасың «Салли ғәлә» деп, сафа⁸.

Бұл хадисті Мұстафа айтып кеткен ертеде,
Риуаят етіп шадиярлар⁹ таратқанды өлкеге.

¹ тез, жылдам

² намаздан кейін

³ қажеттілік, дұға

⁴ бір-бірімен

⁵ осылай, сол секілді

⁶ қысқа

⁷ ұзын

⁸ жүрегі таза

⁹ пайғамбардың атақты төрт жараны: Әбу Бәкір, Омар, Оспан және Әли (Алла оларға разы болсын)

ОН СЕГІЗІНШІ БАП

АЛТЫН, КҮМІСТІҢ ЗЕКЕТІ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Он сегізінші бапта бұл зекет жайы айтылад,
Мәлім болған біздерге әр түрде ол кәинәт¹.

Екі жүз күміс дирһемнен бес дирһемді бересіз,
Болсаң сахиб лутф кәрәм² зиян жоқ көпте сенсеңіз.

Артық берген зекеттің кеңшілігі көп болар,
Қырық дирһемнен алайда аспағаны дөп болар.

Қырық дирһемге бір дирһемді бер оған,
Бір жылдан асса егер, ей, мухтарам³.

Жиырма мысқал болса егер қолдағы бар алтының,
Жарты мысқал зекеті кешіктірме жарқыным.

ТҮЙЕНІҢ ЗЕКЕТІ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Бөлімнен түйе зекетін біл,
Үкімін қанша ететін бұл.

Бес түйеден бір қой болар зекет,
Онға екеу, он беске үш қой есеп.

Жиырма түйе төрт қойға есептелер,
Жиырма беске бір бота жетектелер.

Отыз алты болса егер екі жасар,
Қырық алтыға бер түйе үшке басар.

Елу алты болса төрт жасар тіші⁴,
Жәзға⁵ бер алпыс бірге, мүмін кісі.

Алпыс алты басқа бер бес жасарын,
Жетпіс алтыға екеу болар қосарың.

¹ болмыс, жаратылыс

² жомарттық пен ақкөңілдіктің иесі

³ құрметті

⁴ түйенің аналығы

⁵ бес жасар ұрғашы түйе

Тоқсан бір болса екеу беріледі,
Төрт жасқа келіп кірген көрінеді.

Тоқсан бірден жүз жиырма басқа дейін,
Жоғарғы үкімнен ол аспас дәйім.

Жүз жиырмадан артық болса егер,
Бесеу деп біл есебінді сэр бесэр¹.

СИЫР ЗЕКЕТІ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Айтылады бөлімде сиыр зекеті,
Қалай болмақ үкімі оның ететін?

Отыз сиыр басына бер бір тана,
Қырық басқа бір мусиннә² деп сана.

Алпыс болса жарайды екі тәбиғ³,
Жетпіске бір мусиннә, бір тәбиғ.

Екі мусиннә жетеді сексен басқа,
Үш бұзау деп есептелер тоқсан басқа.

Одан артқан әр отызға бір бұзау,
Зекет беріп, сауап жинап жүрміз-ау.

ҚОЙ ЗЕКЕТІ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Айтылады бөлімде зекетул-ғәнәм⁴,
Етейін мәлім саған, ей, сахиб кәрәм⁵.

Қырық қойдан бір қойың болар зекет,
Бір жылдан асқан болса сол да жетед.

Қырықтан жүз жиырмаға дейін жетсе,
Жоғарғы есеп болар, ұста есте.

Жүз жиырма бір болса егер қойыңыз,
Екі қойды зекет десін ойыңыз.

¹ бас-басына, әр басына

² үш жасар сиыр

³ Жасынан асқан бұзау

⁴ қой зекеті

⁵ жомарттық иесі

Бұл есеп жетер екі жүзге тегі¹,
Екі жүзге үш қой бер, ей, дін бегі.

Бұл үш қой төрт жүз басқа дейін жүрер,
Одан асқан әр жүзге бір қой берер.

Есепке қой басының кірер бәрі,
Зекеттің үкімін, ей, білер жаны.

Төл біткен: бота, бұзау және қозы,
Оларға зекет болмас, үкім сөзі.

Анасынан ажыраған болса егер,
Оларға сонда зекет нисаб² берер.

АТ ЗЕКЕТІ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Ат зекеті айтылар бұл бөлімде,
Болды мәлім біздерге біл тегінде.

Аттар болса сайма³ еркек, тіші⁴,
Әрбіріне бір алтын біл, ей, кісі.

Немесе оның құны есептелер,
Ғұшырдың⁵ рубғынан⁶ зекет берер.

Жайлаудағы еркек ат болса неше,
Мағзим⁷ айтты зекет жоқ оларға ендеше.

Болса ұрғашы бір риуаят бар мәгәр⁸,
Жалғызы Әбу Ханифадан жеткен хабар.

Айтады олар бұларға зекет жоқ деп,
Ат, есек, қашыр қанша болса да бек.

Пайда тапса шынында сатып егер,
Алтын, күміс зекетін содан берер.

¹ дейін

² мөлшер, шама

³ жайлаудағы мал

⁴ ұрғашы, бие

⁵ егіннен берілетін зекет

⁶ төрттен бірі

⁷ ұлық, яғни Имам Ағзам?

⁸ солай

Тәңірі қымбатына мал береді,
Зекетімен иесі жұмаққа енеді.

Оларды шаруалар бағып-қағып,
Жүреді ылғи дағы шаршап арып.

Бұларға берілмейді зекет деген,
Өйткені ұстар оны пейнетпенен.

Егерде бұған зекет берем десе,
Шамалап құнын оның көр ендеше.

Орташа бағамымен берсең зекет,
Беруші дәйім болар оттан нәжат¹.

ЗЕКЕТ БЕРІЛЕТІНДЕР БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Зекет жайы айтылады бөлімде,
Кімге беру керек оны тегінде?

Кім алады бұл зекетті біл рәуа²,
Дәруіш, міскін, һәм пақыр, бинәуа³.

Не жолаушы, не болмаса мектептер,
Мал-мүлкінен айырылған бекке бер.

Берсең егер ондай жанның біріне,
Жетіп алар мақсат тұтқан жеріне.

Зекет болмас ата-анаға иттифақ⁴,
Ұлдары оның болса дағы тым жырақ.

Атаңыздың атасы бар болса егер,
Араларың үш атаға толса егер.

Зекетті ондай туысқанға берерсің,
Шын дәруіш болса онда көрерсің.

¹ құтылады, яғни тозақ отынан құтылады

² дұрыс, лайықты

³ кедей

⁴ келісілген

ОН ТОҒЫЗЫНШЫ БАП

ОРАЗА БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Бапта айтады оразаның жайынан,
Үкім, парыз, нақыл еткен ойынан.

Оразаға ниет еткін тіліңмен,
Және тағы сидқ¹ еткін көңілмен.

Ішіп-жеме ол жимаған² тыйылғын,
Берік болғын, Алла солай бұйырды.

Кірсе аузыңа не нәрселер сырттағы,
Оразаңды деп білгейсің құртқаны.

Шыбын, маса, шаң, топырақ, тозаңдар,
Кірсе ауызға ықтиярсыз не заң бар?

Бұзбайды олар оразаны, ей, сафа³,
Көрсетті жол әһліден біл опа.

Қажет болып денеңнен қан алдырсаң,
Біліп тұрып мұны сірә қылдырсаң.

Дәмін білмек болып сен татсаң тағам⁴,
Оразаға болмас зиян, ей, хас⁵, ғам⁶.

Нәрестеңе тамақ шайнап бергенің,
Оразаны мәкруһ еттің, біл жөнін.

Егер тағам жесе ұмытып әр кісі,
Етті деп біл оны мейман Тәңірісі.

Оразаға жоқ болады нұқсаны,
Ары қарай сақтау керек, ұқ соны.

¹ растау, бекіту

² жыныстық қатынас

³ жүрегі таза

⁴ тамақ

⁵ ақсүйек, зиялы

⁶ қара халық

Оразада біле тұра жесе тағам,
Не мұқтаж етсе дағы күндіз хас¹, ғам².

Бір пендені азат етіп қойдырсын,
Не алпыс үш мұқтаж жанды тойдырсын.

Не үздіксіз екі ай тұтсын ораза,
Қазаныңды біткеннен соң әз руза³.

Парыз болса бұл ораза не нәпіл,
Оразаның жайын анық онда біл.

Кешке және сәресіде ниет ету,
Деп білгейсің зауалдан⁴ алыс кету.

Өтеді мәңгі тұрмас әрбір сынақ,
Қазаға есептелер әр кәффарат⁵.

Ниетінді күндіз дұрыстай алмасаң,
Шариғатта сұрау болар әрқашан.

Оразаның ниетін түнде айтқын,
Күндіз оның болмасы бізге айқын.

Кімге рұқсат берілер оразада,
Үкімін біліп алып қыл рәуа⁶.

Шейх фәни⁷, мүсәпір⁸ уәл-мәриз⁹,
Ғатиш¹⁰, разиг¹¹, нифас¹² және хайз¹³.

¹ зиялы, ақсүйек

² кара халық

³ оразадан кейін

⁴ опат болу, құру

⁵ оразаны әдейі бұзған жағдайда өтелетін жаза

⁶ дұрыс

⁷ өткінші қарт кісі

⁸ жолаушы

⁹ және ауру

¹⁰ қатты шөліркеу, қалау

¹¹ емізулі ана

¹² әйелдерде босанғаннан кейін келетін қан

¹³ етеккір

ЖИЫРМАСЫНШЫ БАП

САДАҚА ПІТІР БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Айтылады бұл бапта пітір жайы,
Әһлі нисаб¹ уәжіп болған пайы.

Әрбір жан өз малынан қылса есеп,
Жинағынан шығады осы нисаб.

Қажетіңнен артып тұрса тысқары,
Пітір беру болар дұрыс нисабы.

Шарифатпен пітір беру уәжіп,
Қияметте болар саған бұл азық.

Отбасыңда ұл-қызыңмен қанша жан,
Есеп қылып ықтиярмен бер соған.

Уәжіп пітірінді бермек саған,
Бермесек күнәһарсың мүлде жаман.

Бидайдан екі, арпадан төрт батпанды бер,
Ораза тұт сені шыңға бастап жүрер.

Бермесек ораза, намаз дұрыс болмас,
Салбырап тұрарсың дер ауада рас.

Сұрап-біліп, естігенің оңды ерен,
Шарифаттың жүргейсің жолыменен.

¹ нисаб, шарифат бойынша мал-мүліктің белгілі бір мөлшерге жетуі

ЖИЫРМА БІРІНШІ БАП

ҚАЖЫЛЫҚ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Бұл бапта қажылықтың бүкілінен,
Айтылар барлық баян үкімімен.

Қажылыққа бару уәжіп білгейсіңдер,
Дүниен жетіп тұрса жүргейсіңдер.

Жолға жинал отбасыңа ендеше,
Жетсе азығың барып қайта келгенше.

Болып тұрса еш қауіпсіз жолың сонша,
Ислам балиғ¹, ес-ақылың дұрыс болса.

Жеті шартқа сай болсаң егер тамам²,
Уәжіп қажылыққа бармақ уәс-сәлам³.

Алайда әйелдерге бұл шарт сегіз,
Қасында махрам⁴ болу міндет егіз.

Уәжіп болып бармастан өлсе адам,
Кібір⁵, тарса⁶ ол дінсіз нағыз надан.

Қажылықтың ішінде үш парыз бар,
Ниет етіп ихрамға⁷ ораныңдар.

Басына бірі шықпақ Арафаттың,
Үйіне зиярат ету бірі Хақтың.

Осынау үшеуімен қажылық рәуа⁸,
Қалса егер үшбу⁹ бірі де нарәуа¹⁰.

Уәжібі тас ату болды тағы,

¹ балиғат жасына жеткен

² біту

³ амандықта

⁴ неке түспейтін жан

⁵ менмендік

⁶ қорқақ, үрейлі; христиан дінін ұстанушы

⁷ қажылардың арнайы киетін киімі

⁸ дұрыс

⁹ осы

¹⁰ дұрыс емес

Уақыф¹ мекеніне барғын әрі.

Сафа мен Мәруаның арасында,
Жүгіргейсің жеті рет шамасында.

Және де шаштарыңды таста алып,
Содан соң тауаф жасап қоштасалық.

Білгейсіңдер бұларды дейді уәжіп,
Әр амалды іліммен қылғын қажып.

Ғұмра сүннетін де білгейсіңдер,
Қағбаны жеті айналып жүргейсіңдер.

Қасиетті жерлерін еткін тауаф,
Қай уақытта болса да ол бихилаф².

Бір жылда көңілің қанша қаласа да,
Етсең тауаф зиян жоқ оңашада.

Бұларға ғұмра деп қойды атты,
Себебі ерекшелік болған затты.

Қажылықтың үш түрі тағы осы,
Парыз, уәжіп, сүннет болды мағынасы.

Қажылыққа бару болар ол сүннет,
Баршаға дін сәруары³ еткен міндет.

Үш тауафты орындау болар уәжіп,
Барған соң жүрсең дағы сонша қажып.

Парыз болар қағбаға ету тауаф,
Ол тауафты рүкін⁴ дер бихилаф⁵.

Парыз, уәжіп, сүннеті баршаға аян,
Шариғатпен үшеуі де болды баян.

¹ қажылықта арнайы тұру

² талас жоқ

³ көшбасшы, яғни пайғамбар

⁴ шарт

⁵ талас жоқ

ЖИЫРМА ЕКІНШІ БАП

ХАЙЫЗ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Айтылар бапта осынау жайы хайыз,
«Фә'тәзил» деді Иләһи фил-хәйз¹.

Хайыздың үкімін біл сахиб нияз²,
Шарттарынан сыр шертейін енді біраз.

Хайыз деген әйелден қан кетіп тұрар,
Әр әйелде әртүрлі болып шығар.

Азы үш күн, ал көбі он күн болар,
Хайыздықтың белгісі міне солар.

Егерде тамам болса қылар ғұсыл,
Ғибадат содан кейін болар усул³.

Он күннен көп немесе үш күннен аз,
Әр намазда жуынсын ол сахиб нияз⁴.

Одан артық болса егер мустахаза,
Бастағы үкімімен болар таза.

Дін иман ұстайтұғын жандар келер,
Патшаның дәрісімен әмірін өтер.

НИФАС БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Бұл бөлімнен нифастың ілімін біл,
Ілім алып Ислам дінімен жүр.

Нифастың үкімінен білгін аян,
Оқысаң айтылады небір баян.

Бұл бәғд әз уәләдәт⁵ қан болар,
Арысы қырық күнде тазаланар.

¹ хайыз туралы

² дұға жасаушы

³ кірісер

⁴ дұға жасаушы

⁵ бала босанғаннан кейін

Арасында бір сағат ағып тұрар,
Иғтибар¹ бұл әдетке салып тұрар.

Әдеттің күні бітсе жуынғайсың,
Намазды оқуға бел буынғайсың.

Егерде қырық күннен кетсе асып,
Мустахаза делінер, жүрме жасып.

Қырық күнде етеді таза ғұсыл,
Жұбына болмақ енді лайық усул².

Қырықтан бұрын болу енді харам,
Қаны ағып тұрса болмас мудам³.

Мүмін жан дін иманын сақтаңыздар,
Әмірін патшаңыздың ақтаңыздар.

Нифас, хайыз әйелдің басынан өтер,
Білгейсің қандай істі тыйым етер.

Алты істен тыйылу қажет болар,
Іліммен істі қылған жандар оңар.

Алты істің атын жадқа тұтқайсың,
Есте сақтап күндіз-түні ұққайсың.

Ораза, қажылық, күйеу, Құран, намаз,
Қылмайды мешітте еш һәм нияз⁴.

Әрбір жан шарифатқа болса құштар,
Парыз, уәжіп үйреніп дінді ұстар.

¹ назар аудару

² қосылу

³ үздіксіз, әр қашан

⁴ дұға

ЖИЫРМА ҮШІНШІ БАП

ҒҰСЫЛ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Бұл бапта айтылады жайы ғұсыл,
Белгісі баршасының он үш усул¹.

Білгейсің барша ғұсыл болар нешеу,
Баяны айтылады оның үшеу.

Қалмасын білместерге одан күмән,
Дүниеде білместіктен жоқ іс жаман.

Төрт парыз іс ішінде нелер болар,
Онда мәни² һәм дәфиқ³ шаһуа та бар.

Тағы да екі хатна⁴ жолығысып,
Орнында тұрса егер толығысып.

Мейлі әнзәл⁵ болса да, мейлі сапа⁶,
Мұндай тірлік бермейді ғұсылға опа.

Бірі хайыз, бірі нифас қатын да,
Болғаны жөн ғұсыл уәжіп сапында.

Екі уәжіп дейді мұны жөн білген,
Жүніп⁷ және кәпір иман келтірген.

Алғашқысы өлік ғұсылы делінер,
Яғни бұл уәжіпке телінер.

Төрт сүннеттің жайынан айттым баян,
Ғұсыл жайы мұнда тамам⁸ болсын аян.

Ғұсыл жұма һәм ғұсыл бар айттағы,
Арафа, ихрам күндері де, муттақи⁹.

¹ шарттар

² ұрық

³ ұрықтың атылып шығуы

⁴ мүше

⁵ ұрық, яғни ұрық ақсын

⁶ таза, яғни ақпасын

⁷ ер адам ұйқыда жатқанында ұрықтың өздігінен шығуы

⁸ аяқталсын

⁹ діндар

Үш ғұсылды болар дедім мустахаб,
Білмегенге білдіру ол мустахаб.

Кәпір ғәйр¹ жүніпсіз иманымен,
Келтіріп тамам иман жиғанымен.

Және ұлан балиғат² жасында болса,
Он бес жасқа егер ол толып тұрса.

Балиғаттыққа онда үкім етілер,
Ғұсыл қылу мустахаб делінер.

Ол да тағы Бәрат түнін өткізіп,
Мустахаб болар жуынбағы бек тұзу.

Осынау он үш ғұсылды еттім шарх³,
Секілді тігіншідей тон ғып қарып.

ЖҮНІП ҚҰДЫҚҚА ТҮССЕ ОНЫҢ ҮКІМІ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Абайсызда құдыққа түсті жүніп,
Не істесін кетсе егер жіп үзіліп.

Мәселесі қалай болмақ ол құдықтың,
Тағдырын қалай шешпек һәм жүніптің?

Далада жүрген жандар оны көріп,
Қауға салды құдыққа бәрі келіп.

Құдыққа ақырындап түсті қауға,
Ісі болды бұл жүніптің бинауа.

Құдықтан шықты көптің көмегімен,
Қолына ұстап мықты шелегінен.

Өзінің және судың жайын ойлап,
Сергелдең мұң түбіне кетті бойлап.

Мұндайда не істеу керек біліп алғын,
Үш қаулы бар құлаққа іліп алғын.

¹ болымсыз түр жасау, яғни мұнда кәпір жүніпсіз-ақ иман келтіреді деген мағынада

² балағат жасына жету

³ түсіндіру, комментарий

Шайқы Әли сөздері көрсетер жол,
Кеңшілікпен танылған кемеңгер ол.

Үш әріппен мәнісін қылсын баян,
Әр әріпте бір имамның қаулысы аян.

Тон – нәжіс, құдық лас енді содан,
Бұл Ханифа қаулысы білгейсің, жан.

«Ха» – сол бір халді түзе игі ісі,
Тазалайды бұл құдықты жүніп кісі.

«Та» – таһир деп танылар әлгі құдық,
Бұл Мұхаммед қаулысы сен мұны ұқ.

Үш әріп еді нахит шарифаттан,
Қаулысы үш имамның ақиқаттан.

ТӨРТ ЕРЕКШЕЛІКТІ ҚЫЛСА ДӘРУШТІКТІ КЕТІРЕР

Дінменен мәлім болған амалдардың,
Бұл бөлімде айтайын саған бәрін.

Әрбір жанда болса егер бұл төрт хисал¹,
Дәруіштікті сақтайды фи кулли хәл².

Ұйқыдан таң атпастан тұрып рәуан³,
Мешітке кіріп отыр қәбл⁴ азан.

Дәрет алып ертерек қам қып отыр,
Айтпағын дүние сөзін бәғд өз утир⁵.

Мұстафадан жетті бұл бізге хабар,
Жеткізген дін сәруары⁶, сахиб хунәр⁷.

¹ ерекшеліктер

² барлық жағдайда

³ оңай

⁴ бұрын, яғни азан айтылмастан бұрын

⁵ үтір намазынан кейін

⁶ көшбасшы

⁷ өнер иесі

ЖИЫРМА ТӨРТІНШІ БАП

САПАР ҮКІМІ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Бөлімде қалай болмақ жайы сапар,
Үкімдермен мәлім болып жетті хабар.

Кел, мүсәпір, сапардың үкімін біл,
Біліп ап өзгелерге үйретіп жүр.

Қапы қалма дін жолынан сен зинһар¹,
Иманыңа түспесін зәрре², ғубар³.

Кім де кім ниет қылса үш күн жолға,
Жырақтап кетер болсаң елден онда.

Елді, елсіз жерлермен жол жүресің,
Барша сапар үкімі мол білесің.

Жаяу жүр не түйемен иғтибар⁴ қыл,
Демалмай күн-түн жүрме, мұны да біл.

Күндіз жүріп жолыңды, түнде жатып,
Қылғын қамын астың да сен бір уақыт.

Қыс күндері шықсаң сапар ет ихтибар,
Он бес йағаш⁵ барар жер болса егер.

Біреулер он сегіз деп айтар келіп,
Біреулер кезеңменен үшке бөліп.

Осы қаулы ихтилаф⁶ қалды осылай,
Нақты білсең үкімін айт, досым-ай.

Оразада оразаңды жеген дауа,
Төрт рәкәғаттың екеуін қылған рәуа⁷.

¹ ешқашан

² кішкентай, түйір

³ шаң, тозаң

⁴ назар аудару

⁵ қашықтық өлшемі

⁶ талас, тартыс

⁷ дұрыс

Етікке үш түні-күн тартқын мәсі,
Ол муәккәд расында сүннет осы.

Бір жерде он бес күндей тұрақтасаң,
Сен ол жерден кеткенше шыдап қашан.

Оразаң мен намазыңды қылғын тамам¹,
Мәсі тартып күндіз-түні уәс-сәлам².

Шариғаттың болады бұл үкімі,
Дінмен артар тақуалықтың бүкілі.

Дұшпанын қуып жүрсе біреу егер,
Қажеті үшін барып елге кірер.

Қанша жыл жүрсе де ол болмас сапар,
Сапардың ниеті бізге ол муғтәбәр³.

Қайтарда есептеп ал келер жолды,
Сапарың өзіңе де болар оңды.

Оразаңды аш, сапарың болар қасыр⁴,
Үкімінде муфтидің тұрар ма сыр.

Мұстафа шарифатына болма делдал,
Бұл діннен иманыңа ал да халал.

МҮСӘПІРГЕ НЕ НӘРСЕЛЕР МУБАХ БОЛАР

Сапарда қандай нәрсе болар мубах,
Үкімін біліп алғын кел де сұрап.

Оразада мүсәпірге қалай болмақ,
Ей, кем силах, мәнісін алғын тыңдап.

Жемек, ішпек, һәм жиын дәр наһар⁵,
Қасыр⁶ мәсі етікте үш ықтияр.

Мұстафа шарифатына болма делдал,

¹ барша

² амандықта

³ киелі, қасиетті

⁴ қысқарту

⁵ түсте, түскі аста

⁶ қысқа, қысқарту

Дін сенің иманыңды қылмас зәуал¹.

МҮСӘПІР ҚОНАҚ БОЛСА ЕРЕКШЕЛІГІ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Бөлімде мүсәпірдің жайы баян,
Ей, муқим² мәлім етті мұны аян.

Мүсәпір келгеннен соң алыс жолдан,
Шақырусыз үйіңе мейман болған.

Мейманның ризығы Хақтан болар,
Ізет қылған Тәңірден үлес алар.

Сәлем беріп алдына тосқын тағам³,
Содан кейін отырып сұра кәлам⁴.

Кеткенінше сен оның қамын жаса,
Қанша ұзақ болса да жолы аса.

Бұл хабар жетті бізге Мұстафадан,
Мейманға жомарт бол дін ұстағандар.

Пайғамбар бізге және айтты тағы:
«Ол мейман мейлі кәпір болса дағы»⁵.

Мүсәпір не етпек керек мейман болған,
Расында жөн болады қанша қонған?

Үш күннен онда артық болмаған жөн,
Қожайынды көп әуреке салмаған жөн.

Кетерінде жақсылықпен еткін дұға,
Жомарттықпен сен оған байлық сұра.

Мәлім етті бұларды Хақ Мұстафа,
Еді ол екі жаһанда әһлі сафа⁶.

¹ опат болу

² тұрғын

³ тамақ

⁴ әңгіме

⁵ хадис: «Зайфә уәләүкәнә кәфирән»

⁶ Тазалық иесі

Күзетсең егер дін мен иман хақын,
Білгейсің сүннет, әдеп мутлақын¹.

ҰЙЫҚТАМАҚТЫҢ ӘДЕБИ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Ұйқының әдебі бар бұл бөлімде,
Жатарда берік ұстап жүр ерінбе.

Алла айтты: «Пайғамбар не берсе, ал,
Неден тыйса, сен одан тыйылып қал»².

Хақ жолында жүргендер тіріледі,
Баршаға бұйырмаған мұны тегі.

Таза жуын, жатқайсың дәретпен пәк,
Бетті түзеп, ылғи да оң жақпен жат.

Яғни жүзінді бұр қыбылаға,
Шаһадат пен зікір ет бір Аллаға.

Ұйқы мен өлімді сен салыстырғын,
Білінбейді олардың алыстығы.

Өлім мен ұйқы деген болмас алыс,
Әрекеті бір-біріне сонша таныс.

Ұйқыдан тұрғаныңда шүкір еткін,
Ұлықтап бір Аллаға зікір еткін.

Адал бол кішіпейіл жалғыз Хаққа,
Кешірет бар күнәнді Ол мутлақ³.

Мұхаммед Мұстафаға һәм бол мутиғ⁴,
Махшар күні саған ол қылар шафиғ⁵.

Қашанда ұлықтарға қылғын ізет,
Кішіге де көрсеткейсің тағы құрмет.

¹шүбәсіз, толық

²қаулуһу Тәғәлә: «Уә мә әтәйкумур-русұлу фәхузһу уә мә нәһәкум әһу фәнтәһу»

³шексіз, күмәнсіз

⁴еруші

⁵шапағат

Ұлықтар Хақтың ісін қылған уқуш¹,
Кішілер жүрер дәйім күнәдан тыс.

Қашанда шын ниетпен ізетті қыл,
Бірді он, он ихсанды² жүз етті бұл.

Алла айтты: «жақсылықпен кімдер келсе,
Қайтарымы жетеді он есеге»³.

Көрсең егер жатқанда бір жақсы түс,
Әркімге қыла берме жария уқуш⁴.

Болса егер айтқайсың жақын досың,
Ол жорып көтереді көңіл хошын.

Ұйықтағанда көрсеңіз макруһ түсті,
Ешкімге де айтпағын бұл нахушты⁵.

Үш рет қарап түкір сол жағыңа,
Бұрылып қарағайсың жан-жағыңа.

Үш рет сұра Алладан кешірімді,
Кемітпес Алла сенің несібіңді.

Бұл хабарды жеткізген Хақ Расул,
Айтқаны бар жаһанда болған қабыл.

Тура жолды көрсетіп қойды бізге,
Азаймасын саясы үстімізде.

ЖЕТІ НӘРСЕ(НІ) ЖЕРГЕ КӨМУ СҮННЕТ

Бөлімде жазылды бұл сүннет жырмен,
Опынбас ешқашанда анық білген.

Жеті нәрсе етілді бізге сүннет,
Дұрысы топыраққа оны көмбек.

Тіс, тырнақ, хирқа⁶, хайыз, қан мен шашы,

¹ көп

² жақсылық

³ Қаулуһу Тәғәлә: «Мән жәә билхәсәнәти фәләһу әшәрә әмсәләһә»

⁴ көп

⁵ жағымсызды

⁶ дәруіштердің шапаны

Деп айтты фазылы¹ сәби шаранасы.

БЕС НӘРСЕНІ КЕСУ СҮННЕТ-ДҮР

Бұл бөлім тағы айтады сүннет жайын,
Есіңде ұстап мұны біл әрдайым.

Бес сүннеттен бізге тағы жетті хабар,
Бәйітте бәрі айтылды һәм мухтасар.

Қас нахән², қас шарәб³ һәм қас наф⁴,
Хәтнә муйы⁵ һәм бәғәл⁶ биихтилаф⁷.

БЕС НӘРСЕНІ ҚЫЛМАҚ СҮННЕТ-ДҮР

Бөлімде бес сүннетке келді усул,
Бұл бесеуін бұйырды бізге Расул.

Сүннеттерді бұйырған бұл Мұстафа,
Жаһанда нағыз өзі әһлі сафа.

Ата-анаға ізгілік жол бергені,
Ол қарыз болуды еш қол көрмеді.

Дәрет ал тұрғаныңда сен ұйқыдан,
Һәм азан, һәм қас⁸, хәтнә⁹, дәр бәдән¹⁰.

Сондай жандар саналар мүмін болып,
Парыз, уәжіп, сүннетті қылар толық.

Ортаймасын ешқашан бұл талабың,
Құлшылығың Хақ жолы біл, қарағым.

¹ данышпан

² ?

³ мұрт

⁴ кіндік жүні

⁵ мүше жүні

⁶ қолтық жүні

⁷ талассыз, күмәнсіз

⁸ төс, кеуде

⁹ сүндет

¹⁰ денеде

ТАҒРИҚА¹ ӘДЕПТЕРІ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Тағриқа әдептерін баяндар,
Бұл бөлімде түрлі баптан аян бар.

Оң қолыңмен алғайсың тамағыңды,
Жөн дейді басқа шалма салғаныңды.

Отырып ки және де киіміңді,
Зікірде бәсеңдеткін бұл үніңді.

Су ішкенде иілмей түзу тұрғын,
Бұл да анық әдеп деп мұны білгін.

«Уф» деп судың бетін және ұрма,
Сүннеттің әдебінен болар бұл да.

Соңынан Иләһіңе қылғын шүкір,
Тіл-аузыңның айтары болсын зікір.

Күзетер болсаң егер діннің хақын,
Сақтай жүр сүннет әдеп мутлақ²ын.

ТАМАҚ ЖЕУДІҢ ҮКІМДЕРІН БАЯНДАР

Тамақ жеудің үкімі бұл бөлімде,
Парыз, сүннет, әдебі бер тегінде.

Парыз, сүннет, әдептерін сен тыңда,
Үкім тұрар тамақ жеудің сыртында.

Парыз, сүннет, әдеп қанша болады,
Баянымда осы сырлар толады.

Төрт парыз бар тамақ жеуде білгейсің,
Естіп алып жұртқа да айтып жүргейсің.

Бірі – халал, екінші – таза ас жемек,
Хақ нәсібін жөн болар рас демек.

¹ суға батыру
² шүбәсіз, шексіз

Төртіншісі – шүкір ету әрбір жан,
Шафиғи қаулыда қабылданған бикүмән¹.

Тамақ жеудің бар тағы да сүннеті,
Оны білу барлық жанның міндеті.

Алды-артында қолыңды жу тамақтың
Бұл да сүннет, білместерге таратқын.

Тәсмиемен² баста жеуді тамақты,
Шүкірлік ет, жан боларсың талапты.

Құлағың сал әдебіне тамақтың,
Шариғатта бұған да жол жаратты.

Бұл тамақ жеудің әдебі мен талабы,
Ойды бөліп, тамаққа ауар назары.

Ұзақ шайнап, ұсақтап жұт бұл асты,
Алдыңнан же, жайма кеңге құлашты.

Тамақты да шариғатпен жегейсің,
Мәселесі он екі болар білгейсің.

Он екі шарт нәсіп етті шариғат,
Бірі оның сөзде етпеу ихтилаф³.

¹ күмәнсіз

² «Бисмиллә» деп айту

³ талас, тартыс

ЖИЫРМА БЕСІНШІ БАП

ҺӘБЕ¹ ҮКІМДЕРІ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Бұл бөлімде баян болды ол һәбе²,
Жеті әріппен берілді оған мәртебе.

Егер саған бір нәрсені сыйласа,
Пұшайман³ боп және қайта сұраса.

Бере алған қайта ала білмес пе,
Жеті әріпте үкімі оның тұр есте.

Жеті әріптің бірі егер онда бар,
Болмай қалса ала алмайсың, біл, ей, жар.

Қайтаруға не кедергі сыйлықты,
Көз жасымен ойылған бұл күй мықты⁴.

Болмаса бұл әріптердің біреуі,
Мағыналы сөздің кетер тіреуі.

Жеті әріптің естігейсің кел атын,
Содан кейін сұра діннің әршадын⁵.

«Дәл», «мим», «әйн», «зе», «қаф», «һі»,
Үйрен дағы жүрекпен айт харіпті

«Дәл» – дәлаләт⁶ артық болмас білгенің,
«Мим» – алапат⁷ бұл екеуі өлмегің.

«Әйн» – алапат ауыстырар бар жанын,
«һі» – дегенің тұтын дейді алғанын.

«Зе» – егерде неке қиса ер-қатын,
Бір-біріңе сыйлық етіп бер затын.

¹ сыйлау, сыйға беру

² сыйлау

³ өкіну

⁴ «Уә ма мән' әнир-ружу' фил-һәбә», Йа сахиби хуруф дәм' хәзәқа».

⁵ нұсқау, жетекшілік ету

⁶ жол көрсету

⁷ белгі, нышан

«Қаф» – қарабат¹ егер дағы олар болса,
«Һі» – һәләқ сыйласқаны жақсы сонша.

Жеті әріптен, мәнеки, алдық жауап,
Қалғанын «Уаллаһу ә'ләм бис-сәуаб»².

¹ туысқан, ағайын

² «анық-қанығын Алла біледі».

ЖИЫРМА АЛТЫНШЫ БАП

ЖАНУАР БАУЫЗДАМАҚ ҮКІМІ

Бұл бапта өзіңізге болар баян,
Зәбәихтің¹ үкімінен нелер аян.

Бауыздалса жануар тірідейін,
Тамақты кес, содан соң діңгек кейін.

Тамақты кескеннен соң діңгек тұрар,
Діңгекті кесумен жан да шығар.

Осылай қаулыменен болар халал,
Ей, мүмін, қалмаңыздар дәр мәлал².

Кесілген болса егер екеуі үштен,
Содан соң дұрыс болар өңешке түскен.

Басында болды халал ихтилаф³ы,
Тура деді бізге сахиб шарифаты⁴.

Бізгек, ағаш, қарғының барлығы да,
Тамақ кессе, қан ақса болды сонда.

Қажеттілік жерлерінде зияны жоқ,
Мақсаты сол тамырдан қан ақса тек.

Анығында бауыздалған қойынның,
Кессе болды тамырларын мойынның.

Үзірсіз болса мәкруһ делінеді,
Үзір болса халал деп желінеді.

Әйел, бала, жүніп, тарса⁵, жәһуд⁶,
Бауыздаса егерде бұлардан бір ужуд⁷.

¹ құрбандар

² қайғы, қасірет, уаым

³ талас, тартыс

⁴ шарифат иелері

⁵ христиан

⁶ жәйт, еврей

дене, тірі организм

«Тәсмие»¹ шартын барша білсе егер,
Бауыздалған болар халал сен сене бер.

Тәсмиені ұмытса бауыздарда,
Тілменен сал зікірін жалғыз Алла.

Мүміннің Хақ зікірі – ол көңілі тамам²,
Қылмайды нұқсан оған сәһу³ кәлам⁴.

Пышағың қолыңдағы болса өткір,
Забихың⁵ қиналмайды сонша деп біл.

Бір тәсмие⁶ ілгелі жатқан үш жануар,
Халал боп саналады үшеуі де әр.

Аяқ серпу тіріліктің нышаны,
Кескенде боялса қанға пышағың.

Өре тұрса жылтыраған түктері,
Жыбырласа көзі мен кірпіктері.

Қимылдатып қысылар тіл-ауызын,
Тамағымен шығарады дауысын.

Білінсе егер біреуі бұл белгінің,
Жануардың тірі екенін сен білгін.

Ал қозы түсіп кетсе бір шұңқырға,
Тамағына жетпесе қолың ұмтылған.

Қолың жеткен жерін шаншып қан шығар,
Тірі болса денесінен жан шығар.

Оған қолың жетпесе дәл сол уақыт,
Алғаның жөн болады оқпен атып.

Атарда тәсмиені айтып алар,
Қан ақса деп білгейсің оның халал.

¹ «Бисмилләһир-рахмәһир-рахим» деп айту.

² барша

³ ұмыту

⁴ сөз

⁵ құрбан

⁶ «Бисмилләһир-рахмәһир-рахим» деп айту.

Егерде қой тамағын қасқыр тартса,
Жан тәсілім етіп қой өліп жатса.

Бауыздалса төсінен, тамағынан,
Харам деп біл, аузыңа салма бұдан.

Тәсмиемен ит немесе құс жесе,
Сеніміңе түсерін біл күш неше.

Ұстаса оны өзгелер болар халал,
Ит жесе одан саған болар залал.

Үйретулі иттерді білер аңшы,
Бас тартып аузына алмас бір де тамшы.

Егерде құс шоқыса жоқ бір зиян,
Ит пен құсқа ихтилаф¹ жоқ біл һаман.

Зікірменен атса итті не құсты,
Пышақпен кескендей ол тырнақ, тісті.

Аң жүрегін өлтірсе егер ит жарып,
Бижарақат² дұрыс болмас, біл ғаріп.

Атса егер зікірменен киікті,
Атқан оғың жануарға тиіпті.

Жүгірген аң, ұшқан құс мұндай кезде,
Муғтәбәр³ халал болар бәрі сізге.

Егер сен аушы болсаң, әлде мерген,
Уәзір не сұлтанның жанына ерген.

Сол аңшы аң жолына аулар құрар,
Аң келіп ауға түсер бей ықтияр⁴.

Аңшының қолы дәйім мүлт кетпес,
Қуғанға ешқашанда дүние жетпес.

¹ талас, тартыс

² жарақатсыз

³ қасиетті

⁴ шарасыз, амалсыздан

Ауынан аңшылардың аңдар қашар,
Қуалап жүріп-ақ ол аңды басар.

Қуалып ұстаса аңды болар йақин¹,
Тура жол осы болар «лилмуттәқин»².

Ағаштағы ұяға егер тор құрса,
Ол ағашқа ұшып келіп құс қонса.

Мүлік болар ол ұя иесіне,
Қонса құстар ол ағаштың киесі де.

¹ анық

² «діндарлар үшін»

ЖИЫРМА ЖЕТІНШІ БАП

ҚҰРБАН ҮКІМІН БАЯНДАР

Бұл бапта бәріңізге болар аян,
Келді үкім құрбан бізге дәр баян¹.

Егер жетсе нисабқа² жиналған мал,
Қажетіңнен артығын болды биқил қал³.

Уәжіп болды оларға құрбан шалу,
Дұрыс болмас мойында қарыз қалу.

Саум⁴, салат⁵, қажылық, берсең зекет,
Құрбансыз нұқсан болар дінге ниет.

Жарайды құрбандыққа қой мен ешкі,
Құлақ, көзі, аяғы сау болар десті.

Не арық, аяғы ақсақ, көзі көрмес,
Мәзбәхқа⁶ әкелінсе рұқсат бермес.

Тентек, қотыр қой болса егер семіз,
Лайық деп айтты оны сахиб нияз⁷.

Қой, ешкі құрбан қылу бір адамға,
Түйе, сиыр жетеді жеті жанға.

Таратады жеті үлес еттің тамам⁸,
Құрбандық деп кедейге бәйнул-әнәм⁹.

Терісін құрбандықтың сатсаң егер,
Ол ақшаның барлығын дәруішке бер.

Дәруіш ол теріні тон қып тігер,
Жаратып қажетіне өмір сүрер.

¹ баянда

² белгілі бір мөлшер

³ сөзсіз

⁴ ораза

⁵ намаз

⁶ құрбандық шалатын жер

⁷ дұға иесі

⁸ барша

⁹ жұрт арасында

Құрбанға алты айлық қозы жарар,
Ешкі болса бір жасқа жетуі қарар.

Ал сиыр кем болмасын екі жастан,
Құрбандыққа түйе болсын бестен асқан.

Қой, ешкі, түйе егер болса еркек,
Ұрғашыдан жақсырақ болады тек.

Түйенің ұрғашысы адида¹, инақ²,
Семіз болса құрбаның ол жақсырақ.

Қозысы болса егер қалдыр қойдың,
Құрбандыққа анасын оның сойғын.

Тумаса буаз малды құрбан қылмас,
Төлдемесе сойғаның дұрыс болмас.

Мустахаб құрбандықты үшке бөлу,
Екеуін кедей менен дәруішке беру.

Отбасына қалдырар бір бөлігін,
Аштықтың көрмесін деп кемдігін.

Мустахаб өз қолымен құрбан шалған,
Білмесе өзге жанға сойғызып алған.

Пышақты дайындап ал соймас бұрын,
Қинамақ бұрыс емес жанын шыбын.

Ішінде үш күн айттың болса осы,
Құрбандықтың дұрыс болар баршасы.

Құрбандық шалынбайды түн ішінде,
Түнде шалса ол мәкруһ белгісі дер.

Соймас бұрын жүнін қырқып алғайсың,
Болса сүті оны дағы сауғайсың.

Шыққанша денесінен жаны толық,
Көз жеткізбей терісін алма сылып.

¹ түйе атауы

² түйе атауы

Есіңнен шығармағын мұны дағы,
Қаратқын құрбан малды қыбылаға.

Болмас дұрыс аяғынан сүйремек,
Атынсыз бір Алланың етті жемек.

Жиіркенішті болады оның баршасы,
Имамдардан айтылды үкім қаншасы.

ЖАНУАРЛАРДА НЕШЕ НӘРСЕНІ ЖЕМЕК ХАРАМ

Бұл бөлімде жануарлардың баршасы,
Мәлім болар харамының қаншасы.

Мысалы бауыздалған қой болар халал,
Білгейсің қай жануар бәйнул-халал¹.

Мәлім болсын мұсылман баласына,
Ашылсын «Раунәкул ислам» ел арасына.

Айтайын жеті нәрсе харам жайын,
Қысқаша етіп саған жырмен дәйім.

Әурет, мәғкәд², қуық пенен ол зәкәр³,
Бірі хасие⁴, бірі мәзи⁵ бірі заһар.

Құрбандықтың қаны да дейді харам,
Және де ғализа⁶ өлексе тамам⁷.

АТ ЕТІНІҢ ЖИІРКЕНІШТІГІ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Бөлімде мәкруһ дейді аттың етін,
Дін үшін көлік болар ол мінетін.

Мәкруһ ол харамға болар жақын,
Ханифа қаулысының сақта хақын.

¹ халалдар ішінде

² ?

³ ерлердің жыныс мүшесі

⁴ ?

⁵ ұрық

⁶ нәжіс

⁷ барша

Әбу Жүсіп айтып кетті әманда,
Пайдалы халалды жеу деп тамамға.

Ішсе сүтін олардың зияны жоқ,
Жауабын айтқан екен осылай деп.

Бауыздамасаң дағы балық халал,
Шегіртке және жесең жоқ мәлал¹.

Жайын еті болмайды зиян тамам,
Қоян мен анкағут та дәр һаман².

Бұлардың басы бірақ әр ай үзә³,
Көрінер хайыз, нифас болып көзге.

Жануарда жан жәнин⁴ болса аян,
Қаулыда жеуге оны жоқ зиян.

Мұхаммед Жақып Шафиғи да қаулыға,
Бірігіпті, тумас талас, дау мұнда.

БІРНЕШЕ ІСТЕР ІСТЕСЕ ПАҚЫРЛЫҚТЫ КЕТІРЕР

Қандай істер жасау керек пақырға,
Бұл бөлімнен білгін жұртты шақыр да.

Естігейсің келсе егер болғың бай,
Айырмағай Алла малдан сені ұдай.

Берер Алла мал-мүліктің баршасын,
Істер болсаң сен бұл істің қаншасын.

Бұл хабарды айтты бізге Мұстафа,
Мұстафаны тыңдаған көрмес жапа.

Дәретінді сындыруға бардың ба,
Жалаңаштап тәніңді сен алдын ба.

Егерде сен жүніп болған кезінде,
Жуынбастан тамақ жесең өзің де.

¹ қайғы, уайым

² солай

³ үсті, яғни әр айда

⁴ іштегі төл

Атын атап айтпа ата-анаңның,
Әр ағашпен тісті тазаламағын.

Өрмекшінің торын бұзба, қарағын,
Қалдырма ашық су ыдысын, қарағым.

Табалдырық үстіне сен шықпағын,
Су ішінде ойнамағын, ұқ жаным.

Қажет кезде дұрыс базар барғаның,
Қайт жолыңмен, түгел болсын алғаның.

Және нанның ұсағын қор тұтпағын,
Сарымсақ, пияз қабығын отқа жақпағын.

Қаңғырсаң егер үйіңе келмей қонуға,
Жүрмейді бұл ұлықтардың жолына.

Сатып алма кедейлерден сен тағам¹,
Тағамдардан жемендер ол хас², ғам³.

Киіміңді шешпей тұрып тікпегін,
Сыпыраға аяқ, қолды сүртпегін.

Сиген жерге дәретіңді алмағын,
Намазыңды және қаза қылмағын.

Етегімен бетті сүртпес бірақ біл,
Өшірмегін «уф» деп үріп шырақты.

Ыдыстарды қалдырмайды жумастан,
Дуруд⁴ айтпай намаздардан тұрмас жан.

Көрінгенге көпіріп сен ант ішпе,
Сақ болғайсың осы жиырма төрт іске.

Бұл істерді жасамайды бай адам,
Құлақ салмас бұл үкімге кей надан.

¹ тамақ

² зиялы

³ қара халық

⁴ салауат

Байларды кедей еткен ол Зул-жәлал¹,
Сақтанғайсың, тап болмасын бір зауал².

ОН НӘРСЕ КӨҢІЛГЕ ҚАЙҒЫ ӘКЕЛЕДІ

Бөлім айтар он істің жайын тамам,
Білместікпен жүрме салып көңілге ғам³.

Расулдан бізге бұл жетті хабар,
Жаңалықтан болмағын сен бихабар⁴.

Бұл жайлар көңіліңе қайғы салар,
Шаттығың ішіндегі өрт боп жанар.

Тыңдасаң әрбірін мен айтам саған,
Болса егер Хақ шабыты көмек маған.

Апыл-ғұпыл киіну тұра салып,
Шаш, сақалды кескенің тістеп алып.

Жұмыртқаның қабығын басқан адам,
Тамақ жесе сол қолмен ол бір надан.

Үзірсіз қой арасын өтпегейсің,
Ұзақ жолға жалғыз шығып кетпегейсің.

Күлмейді көрстанда қашан дағы,
Оң қолменен истинжа⁵ жасалғаны.

Он нәрсе саған осы қайғы әкелер,
Шаттықты ішіндегі қайғы өлтірер.

Тұтқайсың Расулдың тағлым асын,
Ілімімен түсініп мағынасын.

Бұл ілімнен пайда болар әр мақам⁶,
Бұл мақамға жоламайды әрбір ғам.

¹ Құдірет иесі, яғни Алла тағала

² опат болу, құру

³ қайғы

⁴ хабарсыз

⁵ ас дәрет

⁶ дәреже

Ілімнен Алла бізді айырмасын,
Көре алмас Хақты көздер бұйырмасын.

Құлшылықты «Әмин, раббул-әләмин»¹,
Жолдас болар «Рахмәтул лил-әләмин»².

¹ «Әлемдердің жаратушысы, қабыл ал».

² «Әлемдердің мейірімі».

ЖИЫРМА СЕГІЗІНШІ БАП

ӘЙЕЛДЕР СҰХБАТЫНДА ӘДЕП БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Жиырма сегізінші бапта баян,
Әйелдердің әдеп жайы болар аян.

Таныр болсаң сен егер адамзатты,
Сұхбатыңды қылғайсың ғибратты.

Әрбір жасар амалдың бар әдебі,
Дүниені, ей, мүмін, қыл әдемі.

Түспесін араңызда шайтанға жол,
Хақтан үміт күтетін сен пенде бол.

Әйелдермен қаласа сұхбат көңіл,
Ол сұхбатың шынайы болсын небір.

Жарассаң ойнамақтық жарасады,
Содан соң төсіне төс жанасады.

Қыбылаға жүз бұрма сұхбат шақта,
Ондай сұхбат тиесілі Расул, Хаққа.

Әуелі «тәсмиеден»¹ баста ағаз²,
Қылмасын шайтан іске дәст дераз³.

Қыл тәхәррук⁴ нәпсіңіз болса азат,
Қалмасын әйел одан намұрат⁵.

Сараңдықты таныту ол жарамас,
Хасқа⁶ кімдер болса егер жолдас.

Әдепсізді Хақ көрмейді демегін,
Бұл сөзімді сен айып деп білмегін.

Айтпасам білгенімді мен ұмытып,
Сұрағайсың айыбы жоқ оның түк.

¹ «Бисмилләһир-рахмәнир рахим» деп айту

² басын

³ қолы ұзын

⁴ қозғау, жүргізу

⁵ мақсатсыз

⁶ зиялы

Бермесем сауалына мен бір жауап,
Жауапсыз қалсаң бізге болмақ сауап.

Ей, Алла, сауабыңнан нәсіп еткін,
Риза болсын барша досым көп тым.

ҚОСЫЛУ ҚАЙСЫ ТҮНДЕРІ МУСТАХАБ-ДҮР

Мустахаб түндер жайлы бұл бөлімде,
Айтылады қаншама сыр тегінде.

Қай уақта болар осы түн Мустахаб,
Былай деген ол жайлы біл Мұстафа.

Бейсенбі, жұма және дүйсенбі түн,
Мұстафа депті осы түндер бүтін.

Бұдан өзге түндерде дәст дераз,
Келді бізге ол сауалдан ихтираз.

Мәкруһ болды алғашқы түн айдағы,
Соңғы түннің жартысы һәм байлауы.

Хақ мубах бұйырыпты дәл осылай,
Әдепті іс қылғайсың сен шошымай.

Өз пікірі шығар мұны демегін,
«Кимийәи сәғадат» нақылынан көргенім.

Әбу Һурайра және Әли әл-Мұртаза,
Осылай деп хабар берген, біл таза.

Тырнағыңды алма жүніп болсаң сен,
Антқа берік, ниетке адал болсаң сен.

Әрбірі оның қиямет күн келгенде,
Жау болады өзіңе сол, шерменде.

Жүніп болсаң жемегейсің сен тағам,
Айтпағайсың Хақ сөзінен һәм кәләм.

Қажеттілік туса егер тартынба,
Іске кіріс тазаланған қалпыңда.

ЖИЫРМА ТОҒЫЗЫНШЫ БАП

УАҒЫЗ-НАСИХАТ БАЯНЫ ТУРАЛЫ

Жиырма тоғызыншы бап баяны,
Баршаға Уағыз бен насихат аяны.

Алла әмірін білгің келсе естігін,
Бос өткізбей уақытты кешті күн.

Қайғы болар о дүниенің бәрі шын,
Сақтамасаң ақиреттің әр ісін.

Құлы болдың дүниені тасыған,
Ойламадың не келер деп басыңа.

Бұл пәни дүние де желдей өтер,
Жанып тұрған шырақ та бір күн өшер.

Талай рет жаңылдың Хақ жолынан,
Ақиретті ойламадың соңынан.

Тірлікте жасадың сен күнә уқуш¹,
Әлемді билемек боп қылдың соғыс.

Таба алмадың ақыры дүние соңын,
Ақиреттің жапсырдың бәднамын².

Қызықтаумен дүниені өтті өмірің,
Қара көрді жарық қылуды бек білмедің.

Көр болады іші бос бір қараңғы,
Құтылып көрген емес еш жан әлі.

Жатасың ішінде оның жалғыз-жарым,
Білмейсің түн боларын, күндіз барын.

Ала алмайсың еш жақтан ешбір хабар,
Шыға қоймас іздеп жан сені табар.

¹ көп

² жаман атын

Ұл-қызыңның даусы жете алмас,
Туысқан, достан дағы хабар болмас.

Тірлікте жасаған саған мана,
Хәйр-шәһр¹ шатасасың амалыңа.

Қол, аяқ куә болып келер саған,
Істеріңнен әр хабар берер тамам.

Сақтанғайсың бұл Қаһһар² қаһарынан,
Мас болып ішпе дүние заһарынан.

Халал ісің бар болса есеп жазад,
Харам ісің көп болса қылар азап.

Күнәһарға отты тамұқ көрінеді,
Күшпенен отқа алып келінеді.

Күнәһарлар болады сол отқа саза³,
Жамандық көрмес жандар Хаққа таза.

Өкініш саған онда пайда бермес,
Хақ жолынан өзгесі айла емес.

Осылай ақырғы ісің, ей, бинәуа⁴,
Өтті өмірің пәниде дүние қуа.

Дүниені тастағын, өткінші ісің,
Ақиреттегі азабын көрдің түсін.

Ешкімді көрместей боп менменсінбе,
Тар лахат барар жерің көр несібе.

Ұл-қызың, достарың да қылмас медет⁵,
Сұрақ-жауап ол үйде биғәдәд⁶.

Ақылды болсаң ақиретке дайындалғын,
Тыйып барлық нәпсіңнің жайын дәйім.

Екі жолды ұстама етер һәлак⁷,

¹ жақсы-жаман

² Алланың тоқсан тоғыз есімінің бірі, қаһарлы деген мағынада

³ лайық

⁴ байғұс

⁵ көмек, жәрдем

⁶ есепсіз

⁷ опат

Ұшырар көз көрмеске соғып кулак¹.

Хәліміз не болады онда біздің,
Алдыңнан нелер күтпек мына сіздің.

Сенімі болмағандар құлдық ұрар,
Қиналғанда ол жақта бір шыңғырар.

Дүниедегі ақылсыз шаттық қалар,
Қайғыдан бірде күлер, бірде жылар.

Алланың кеңшілігі жерде болар,
Әрбір жақсы амалың сол құтқарар.

Әйтпесе бізден сізге болмас медет²,
Күнәміз қанша болса сол биғәдәд.

Біз үшін жасалыпты сол бір Сырат,
Әрқайсысы жеті тамұқ болар медад³.

Жіңішке қылдан, өткір қылыштан иман,
Бұл сөздің мағынасына етпе күмән.

Аяғыңмен амалдап басқан шақта,
Жеті тамұқ күтеді төмен жақта.

Шыға алмайсың ол жақтан қылма күмән,
Мейлі илан, мейлі сенбе дедім саған.

Бізге айтылған Құранда баршасы оның,
Ұста деп екі дүние Хақтың жолын.

«Сорлы болған тежейді олардан бой,
Орын алар тозақтан сондай зор сай.

Ол арада өлмейді, тірілмейді»⁴,
Алла айтады көрген жоқсың бірің дейді.

¹ боран

² көмек

³ қарындаш

⁴ Қаулуһу Тә'әлә: «Уә йәтәжәннәбуһәл-әшқалләзи йәслән-нәрәл-қубра суммә лә йәмуту фиһә уә лә йәһиә» («Алла тағаланың сөзі: «Сорлы болғандар одан бой тежейді. Ол сондай зор тозаққа салынады. Сосын ол арада өлмейді де тірілмейді»).

Уәделер келді кімнің хақысына,
Кім қиянат қылды мүмін ақысына.

Шариғаттың бұйрығын ұстамадың,
Жолынан кеттің тайып Мұстафаның.

Алайда Тәңір хақын ақтағандар,
Мұстафаның дегенін сақтағандар.

Мүміндерге болмайды ешбір қауіп,
Сеніммен уәдені жүрсе тауып.

Мүміннің орыны ол болар жұмақ,
Сипатын мен айтайын қайтқын сыр ап.

Қияметке дейін көрі нұр болар,
Хор қыздары айналасында жорғалар.

Сұратпай жауап айтар жалғыз өзі,
Күннен де жарығырақ ай жүзі.

Жататын жері болар оның гүлзар,
Ашылар жәннат жақтан бір мәрғизар.

«Қабірдегі жәннатта бір бақша бар»¹,
Деген еді хадисінде Пайғамбар.

¹ Қалән-нәби 'әләйһис-сәлам: «Әл-қабру раузәтун мин рийазул-жәннәти». әл-Хәдис. («Қабір жәннат бақшаларынан бір бақша»).

ОТЫЗЫНШЫ БАП

Жұмақтың сипаттары баяны туралы

Отызыншы бапта айтайын мен баян,
Сегіз жұмақ сипаты келді жауидан¹.

Білгейсің, ей, хайыр-ихсан² жасаған,
Шариғатпен Ислам жолын қашаған.

Ықылас қойып құлақ салсаң байқайын,
Сегіз жұмақ не екенін айтайын.

Жұмақта болады екен дүлдүл пырақ,
Кендігі жүз мың жаһаннан да жақсырақ.

Онда бар хәузі Кәусәр, сәлсәбил³,
Бірі тәсним⁴, бірі оның зәнжәбил⁵.

Бірі су, бірі оның бал, сүттен суат,
Біреуі хамыр⁶ бірақ жанға қуат.

Сол сегіз жұмағыңда хорлар да бар,
Көрген жан таңданғаннан қайран қалар.

Раузе-е Ризуан ләтиф⁷ ихсан⁸ саған,
Кіресің серуен үшін қашанда оған.

Хор, ғилман⁹ баршалары табақпенен,
Хәузі¹⁰ сыйлар шырайлы қабақпенен.

Жарқырайды көз тартып аппақ сарай,
Алдыңнан атқандайын шаттық арай.

Кигізер құрмет тонын саған мәлік¹¹,

¹ мәңгілік, мәңгі

² жақсылық

³ жұмақтағы су

⁴ жұмақ бұлағы

⁵ занзәбил, зімбір

⁶ арақ

⁷ жомарт Ризуан бақшасы

⁸ сыйлық

⁹ жұмақтағы хор қыздары мен қызметшілері

¹⁰ бұлақ

¹¹ патша

Көрінеді сол тоннан қарасаң елік¹.

Сан түрлі жеміс ағаш иіледі,
Көргенде көңіл тойып, сүйінеді.

Біреулер Туба ағаштың жанындағы
Тәсним² Кәусар суына шомылады.

Ішер ас пісіп тұрар от жанбастан,
Жұлынар жемістері қол созбастан.

Мәуенің³ қайта шығар бірін алсаң,
Қайғы деген болмайды, шыным нансаң.

Ауызыңа салсаң ерір мәуесі,
Хош сучук⁴ шекер деген нақ осы.

Асқазанға барып түсер шайнамай,
Тәнге сіңер дәрумендей пайдалы-ай.

Дәрет сындыру ешқашан болмайды онда,
Қам-қайғың жоқ жүресің оң мен солда.

Кесе ішінде түрлі нығмет, шарабы,
Шөлдегенде алдыңнан қарсы алады.

Хор қызымен жүресің онда жұптасып,
Уайымсыз қадамыңды нық басып.

Әр адымы бес жүз жылдық, шырағым,
Қызыл жақұттан жасалынған пырағы.

Мініп алып серуен-сайран құрасың,
Ол жұмақта өлмейтін боп тұрасың.

Алланың ғашықтары ол күн мәгәр⁵,
Қарамай бұл нығметке мойнын бұрар.

¹ қол

² жұмақтағы бұлақ

³ жеміс

⁴ дәмді, тәтті

⁵ бірақ

Ынтық болып Иләһінің¹ дидарына,
Тұрсаң егер бұйырар сый тағы да.

Шын ғашыққа Хақ дидар болар содан,
Иланғайсың бұл сөзге, етпе күмән.

Егерде күмәндансаң сен зындықсың²,
Зындыққа имандыдан кім ынтықсын.

Қашан да истиғфар³ қылсаң Хаққа,
Кешірет бар күнәнді әділ Хақ та.

Жалбарынған құлының өксігін басар,
Әлсіздерге қол созып, құшағын ашар.

Ей, опалы, білгеніңді көздеме,
Білмесіңді білемін деп сөйлеме.

Білгенінше сөйлейді әрбір жаран,
Құлшылық етіп Хақ жолында эман.

Ілімнің бәрін ешкім біле алмас,
Әр іске бас жеткізіп жүре алмас.

Түсінсең сөз сөйленді осыншалық,
Сырын ашар уәжіп әр құлға анық.

Бастан аяқ сөздерім айтқан саған,
Парыз, уәжіп, сүннет болды уәс-сәлам.

Бабы отыз, бөлімі қырық бес дүр,
Көңілің шат болып мұны енді оқып жүр.

«Раунақул-ислам» деп берілді ат,
Үйреніп жадпен ұста, ей, барша жат.

Баршасы дін ілімі қоспасы жоқ,
Парыз бен уәжіп, сүннеттен деп ұқ.

Өмірден өтіп кеткен жарандардың,
Айтылған ілімінен санап алдым.

¹ Тәңірі

² діннен шығу

³ Алладан кешірім сұрау

Бұл жәдігер солардан қалған еді,
Оларда иман шамы жанған еді.

Қайдан келдік, тағы қайда барамыз,
Тәңірден қандай сый һәм аламыз?

Шамамның келгенінше айттым сөзді,
Айырсын деп жібек пен арзан бөзді.

Нәсіп қылды Ол Кәрим¹ Зул-жәлал²,
Хақ бұйрығы деп білгейсің бұл мақал.

Әр уақыт еске алсаң қылғын дұға,
Мен пақыр байқұс міскін бинәуа³.

Мейірім етерсің оған Алла Жәлил⁴,
Таза иман, тура жолың болар дәлел.

Сөз ішінде кімнің сөзі бар артық,
Шүкір Алла дін ішінде жар артық.

Қате болса сөзімде егер, ей, Алла,
Кешірім етіп, түзеп жібер жар бол да.

Исламды өзіме еттім серік,
Шариғаттан әлімше айттым ерік.

Мұстафа шарифаты дұрыс содан,
Үйренушіге үйретпек болдым әман.

Бұл кітап біткенінде ол еді сәнә⁵,
Тисғә уә ситтунә уә сәмәниә мәиә⁶.

Уәзін⁷ ішінде мәзбут⁸ болыпты бұл бәйат⁹,
«Фәғиләтун фәғиләтун фәғиләт»¹⁰.

¹ Алла тағаланың тоқсан тоғыз есімінің бірі, жомарт, мейірімді деген мағынада

² күдірет иесі, яғни Алла тағала

³ байқұс

⁴ ұлы, үлкен

⁵ жыл

⁶ сегіз жүз алпыс тоғыз

⁷ ырғақ

⁸ жазылған

⁹ жолдар

¹⁰ аруз ілімінің ұйқасы

Тәммәтул-китәбун би ʿәунилләһил-мулкил-Уәһһаб¹

¹ Кітап жомарт патша Алланың көмегінің арқасында аяқталды.

Мустафаева К.М.

«Исламның шырағы» (Раунақул-ислам)

Заказ № 23/3 Басылым 300 дана

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты



ЖШС, "Ideal Group" жарнама агенттігі, 160021

Шымкент қаласы, Қонаев д-лы,60

E-mail: reklama@idealgroup.kz

